

Жарты ғасырдан кейінгі жаңару

Жарты ғасыр бұрын салынған жылу магистралі – Теміртаудың ең маңызды инженерлік нысанының бірі. 1976 жылдан бері жылу жеткізген желінің тозуы 70 пайыздан асып, кейінгі жылдары апаттың жиілеуіне себеп болды. Енді №2 жылу электр орталығынан шығатын негізгі жылу тартқыш толық жаңартылуда. Қайта жаңғырту аяқталғаннан кейін қаладағы жылумен қамтуда тәуекелдер едәуір төмендейді.



Салтанат ІЛИЯШ, «Ortalyq Qazaqstan»

Облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев Теміртауға жұмыс сапары барысында стратегиялық маңызы бар инженерлік нысандардағы құрылыс барысымен танысты. Өңір басшысына барлық жобаның белгіленген кестеге сәйкес жүзеге асырылып жатқаны баяндалды.

Биыл қалада ұзындығы 40 шақырымнан асатын жылу желілерін жөндеу және қайта жаңғырту жоспарланған. Оның ішінде, Металлургтер даңғылы бойындағы екінші ықшамаудан арқылы өтетін ТМ-3 жылу магистралін жаңарту биыл аяқталуы тиіс. Одан бөлек, Энергетика және коммуналдық секторды жаңғырту жөніндегі ұлттық жоба аясында №2



жылу электр орталығынан шығатын негізгі жылу тартқышты толық ауыстыру жұмыстары басталды.

Ұзындығы сегіз шақырым болатын магистраль екі кезеңде жаңартылады. Биыл оның 2,5 шақырымы ауыстырылып, жобаның қалған бөлігі келесі жылы аяқталады.

Теміртау қаласы әкімінің орынбасары Ринат Қыдырбековтің айтуынша, желі іске қосылған уақыттан бері үздіксіз пайдаланылып келеді.

– Қайта жаңғырту аяқталған соң жылумен қамту жүйесінің сенімділігі едәуір артып, апатты



ӨНІРЛЕРДІ ДАМУ

жағдай азаяды. Барлық жұмыс тұрақты техникалық бақылауда, – деді ол.

Қаладағы тағы бір маңызды нысан – ТМ-3 жылу магистралі. Ұзындығы 4,1 шақырым болатын құбырдың жартысынан астамы төселіп үлгерген. Құрылыс бірнеше учаскеде қатар жүргізілуде. Сонымен бірге, жаңа монолитті темірбетон тіректері орнатылып жатыр.

Құрылыс алаңында күн сайын жүзге жуық жұмысшы еңбек етеді. Жұмысқа 30 арнайы техника жұмылдырылған. Мердігер ұйымдар жұмысты алдағы жылы маусым басталғанға дейін аяқтауды жоспарлануда.

Магистральдық желілермен қатар алтыншы және сегізінші ықшамаудандардағы орамшilik жылу желілері де кезең-кезеңімен жаңартылады.

Бұл ішкі инженерлік жүйелердің сенімділігін арттырып, жылу шығынын азайтуға мүмкіндік береді.

Жұмыс сапары барысында Ермағанбет Бөлекпаев қаланың су құбыры желілерін қайта жаңғырту жобасының жүзеге асырылу барысымен де танысты. Өйткені, инженерлік инфрақұрылымды жаңарту бір ғана жылу жүйесімен шектелмейді.

Коммуналдық желілерді кешенді түрде жаңарту тұрғындарға көрсетілетін қызмет сапасын жақсартып, қаланың тіршілігін қамтамасыз ететін жүйелердің тұрақты жұмысын күшейтуге бағытталған.

Аталған жобалардың іске асырылуы коммуналдық инфрақұрылымның сенімділігін арттырып, тұрғындарға көрсетілетін қызмет сапасын жақсартуға мүмкіндік береді.

Суреттерді түсірген Александр МАРЧЕНКО

Келешектің керегесін кеңейткен

(Соңы. Басы 1-бетте)

Атап айтқанда, Ғабиден Мұстафин кенті, Үштөбе және Доскей ауылдарындағы білім ошақтары жаңа оқу жылында жергілікті балаларға есігін айқар ашпақ.

Денсаулық сақтау саласындағы өміршен өзгерістер де көңілге қуаныш ұялатады. Өңірде 92 денсаулық сақтау нысаны пайдалануға берілді.

Соның 20-сы бір ғана Бұқар жырау ауданында бой көтерген. Бұл – ауруханалар, емханалар мен медициналық пункттер. Олардың әрқайсысы сапалы медициналық көмекті облыс орталығындағы тұрғындарға ғана емес, шалғай ауылдардағы елдімекендерге де жақындата түседі.

Құрылысшылар бұған дейін салынған нысандарды жаңғыртуға да айрықша мән беруде. Мәселен, Нұра ауданындағы Шахтер елдімекенінде 60 жылдан астам тарихы бар мектепке күрделі жөндеу жүргізілді. Ғимаратқа спорт залы мен асханасы бар қосымша құрылыс салынды, жылу жүйесі жаңартылды. Ал, келесі жылға мектептің жоғарғы қабаттарын жөндеу жоспарланған.

Межені еңсерген аймақтағы құрылыс үдерісі еліміздегі осы саланың даму қарқынымен үндесіп, экономикалық өсімнің негізгі қозғаушы күштерінің бірі ретіндегі мәртебесін нығайтып келеді. Республика бойынша 2019-2024 жылдары 97,9 млн шаршы метр тұрғын үй пайдалануға беріліп, 871 мыңға жуық пәтер салынды. Ал, құрылыс саласына тартылған инвестиция көлемі 15,4 трлн теңгеге жетті. Тек 2025 жылдың бірінші жартыжылдығында бұл көрсеткіштерге тағы 7,9 млн шаршы метр тұрғын үй мен 72,3 мың жаңа пәтер қосылды.

Құрылысшы мамандығының да беделі артып келеді. Қазір атаулы салада 106 мыңнан астам адам еңбек етеді. Олардың орташа жалақысы 485 мың теңгеден асады. Бұл – елдегі орташа көрсеткіштен шамамен 15 пайыз жоғары. Үздік мамандар дәстүрлі түрде еңбегі еленіп, «Құрметті құрылысшы» төсбелгілерімен және құрметті атақтармен марапатталады.

Өрбір жаңа үйдің, мектеп сыныбының немесе жөндеуден өткен қазандықтың қыр соңында нақты адам тұр. Таң сәріден жұмысын бастайтын учаске шебері, құрылыс алаңында көп тонналық плитаны дәлдікпен бұрып, орнына қондыратын краншы, құрылыс нысаны оның еңбек жолындағы алғашқы жобасы болып отырған жас инженер. Олардың ересен еңбегі газет тақырыптарына жиі шыға бермесі де кәдік. Алайда, дәл осы маңдай тер өңірдің келесі онжылдықты қандай жағдайда қарсы алатынын айқындайды. Бүгінде облыс нақты әрі жан-жақты ойластырылған жоспар негізінде дамып келеді. Жаңа шағын аудандар жаңғыртылған мектептермен қатар бой көтерсе, ірі инвестициялық жобалар ауылдық жерлердегі қажеттілікті толық өтей аларлық қауқарға ие. Бәлкім, кәсіби мерекенің басты мәні де осында шығар.

Мерекелеріңіз құтты болсын, қадірлі құрылысшылар, сала қайраткерлері мен ардагерлері! Сіздер тұрғызған әрбір шаңырақ – бір әулеттің қуанышы, әрбір бой көтерген мектеп – ел ертеңінің ордасы, әрбір жаңарған нысан – өңірдің өркендеуіне қосылған үлес. Қос қолдарыңыздан мүсінделе шыққан әрбір ғимарат уақыт сынынан сүрінбей өтіп, ел игілігіне ұзақ жылдар қызмет етсін! Еңбектеріңіз еленіп, абыройларыңыз асқақтай берсін!

Алтын орақ, алтын дән, алтын қамба

Ел экономикасының қозғаушы күшіне айналуға тиіс салалардың бірі – ауыл шаруашылығы. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына арнаған «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» атты Жолдауында агроөнеркәсіп кешенін цифрлық технологиялармен жаңғыртып, өндіріс тиімділігін арттыруды және ауыл шаруашылығын мүлде жаңа даму сатысына шығаруды мемлекеттің стратегиялық міндеті ретінде баса белгіледі.

Ерқанат КЕЧЕСБЕКҰЛЫ, «Ortalyq Qazaqstan»

– Ауыл шаруашылығын жаңа деңгейге көтеру қажет. Бұл салаға тың серпін беру үшін мемлекет соңғы жылдары реформа жүргізіп жатыр. Қомақты қаражат бөліну де, биыл шаруаларды қолдауға бір триллион теңге жұмсалды. Қажетті несиелер уақытында берілді. Мұндай ауқымды қолдау елімізде бұрын-соңды болмаған. Бірақ, агроөнеркәсіптің орасан зор әлеуетін толық ашуға бұл шаралардың әзірге жеткіліксіз екені анық. Мәселе – қаражаттың көлемінде емес, ең бастысы, оны тиімді пайдалану қажет. Озық агроэкономикаға көшу үшін Үкіметтің нақты жоспары болуы керек. Қазір ауыл шаруашылығы өнімдерін терен өңдейтін бірқатар ірі жоба жүзеге асырылып жатыр. Оған отандық және шетелдік инвесторлар қатысуда. Инвестицияның жалпы көлемі 2 миллиард доллардан асады. Үш мыңнан астам жұмыс орны ашылады. Өнімдер әлемнің көптеген еліне тасымалданады. Мұндай жобалардың ауқымын кеңейту қажет. Әр аймақта дайын өнімді өндірістен дүкен сөресіне дейін жеткізетін әрбір өңірдің ерекшелігіне қарай біртұтас желі қалыптасуы керек, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Қарағанды облысы – жер көлемі шамамен 24 миллион гектарды құрайтын Отанымыздағы ең ірі өңірлердің бірі. Осы байтақ кеңістіктің жартысынан астамын ауыл шаруашылығы мақсатындағы алқаптар алып жатыр. Ал, аймақ аумағында бүгінгі өзінде 1 миллион 131 мыңнан астам халық тұрады. Оның 82,5 пайызы қалаларда қоныстанса, небәрі 17,5 пайызы ғана ауылдық жерлерде өмір сүреді. Ұзын саны кемшіндеу болғанымен, дәл осы ауыл еңбеккерлерінің қос нығызға өңірдің агроөнеркәсіп кешенін дамыту, азықтүлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету әрі ауыл шаруашылығы өндірісінің тұрақты өсімін сақтау секілді стратегиялық міндеттер жүктелген.

Аймақ агроөнеркәсібі тұрақты даму қарқынын сақтап келеді. Өткен жыл қорытындысында өңірде 531 миллиард теңгеден астам ауыл шаруашылығы өнімі өндірілсе, биыл атаулы көрсеткішті 559 миллиард теңгеге жеткізу жоспарланды. Жыл басынан бергі нәтижелер де осы оң үрдісті нақтылай түседі. Биылдың алғашқы алты айында облыста 118 миллиард теңгеден ауыл шаруашылығы өнімі өндіріліп, өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 16 пайыздық өсім қамтамасыз етілген. Мұндай серпін ауыл еңбеккерлерінің қажырлы еңбегімен қатар, мемлекеттік қолдау шараларының, өндірісті жаңғырту мен заманауи агротехнологияларды енгізудің нақты нәтижесін көрсетеді.

Көктемгі дала науқаны өңірде жоғары ұйымдасқан деңгейде өтті. Егіс алқаптарында мыңдаған техника үздіксіз жұмыс істеп, мемлекеттік қолдау шаралары дер кезінде жүзеге асырылды.

– Биыл көктемгі егіс жұмыстарына 8,4 мыңға жуық трактор, 229 егіс кешені, 4,4 мыңнан астам тұқым сепкіш және 10 мыңға тарта өзге де ауыл шаруашылығы техникасы жұмылдырылды. Нәтижесінде 109,5 мың тонна дәнді дақылдардың тұқымы себілді. Көктемгі дала жұмыстарын сапалы әрі уақытылы жүргізу үшін



бөлінген арзандатылған дизель отыны бекітілген кестеге сәйкес операторлар арқылы ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге литріне 281 теңгеден жеткізілді, – дейді Қарағанды облысының ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасы басшысының орынбасары Сырым Бошпанов.

Ендігі кезекте өңір диқандарының алдында жауапты да шешуші кезең – егін орағы науқаны тұр.

Биыл облыс бойынша бір миллион гектарға жуық егіс алқабынан өнім жинау көзделді. Оның 760 мың гектарға жуығын бидай алқаптары құраса, қалған бөлігінде арпа, сұлы және майлы дақылдар өсірілген. Бұдан бөлек, 16 мың гектардан картоп, 2 мың гектардан көкөніс жиналмақ. Қазіргі ахуал алдағы науқанға сеніммен қарауға мүмкіндік береді. Бүгінде дәнді дақылдар егістігінің үштен екі бөлігіне жуығы жақсы күйде, төрттен бірі қанағаттанарлық жағдайда. Тек 11,9 пайызы ғана қолайсыз ауа райының әсерінен нашар күйге түскен болса, 0,1 пайызы жойылған. Маңдай тердің өтеуі күзгі орақтың берекесімен өлшенбек.

Алдағы орақ науқанының жауапкершілігі туралы сөз қозғаған Сырым Бейсебайұлы күзгі жиын-терімнің әрбір күні өңір экономикасы үшін шешуші мәнге ие екенін атап өтті.

– Егін жинау науқаны – ауыл еңбеккерлері үшін үлкен сын ғана емес, жыл бойғы маңдай тердің таразыға түсетін шешуші кезеңі. Шаруашылық құрылымдарының табанды еңбегі мол өніммен ақталады деп сенеміз. Әр гектардан жиналған астық, оған тонна картоп – өңіріміздің ғана емес, тұтас еліміздің азықтүлік қауіпсіздігіне қосылған нақты үлес. Сондықтан, жер ресурстарын тиімді пайдалану, өнімділікті арттыру мақсатында минералды тұнайытқыштар мен өсімдіктерді қорғау құралдарын қолдану бойынша кешенді жұмыстар жүйелі жүргізілуде. Бүгінгі күні шаруашылықтар жоспарланған 111 мың тоннаның орнына 103 мың тоннадан астам минералды тұнайытқыш сатып алып, қолданды. Бұл жоспардың 92 пайызының орындалғанын көрсетеді, – деп түйіндеді ойын спикер.

Орақ науқанына қажетті ма-

териалдық-техникалық база толықтай жасакталу үстінде. Биыл егіс алқаптарына 2 мыңға жуық астық жинайтын комбайн мен 9 мыңнан астам ауыл шаруашылығы техникасы шығарылмақ. Қазіргі таңда техникаларды оңдау мен соңғы дайындық жұмыстары аяқталу сатысында. Мемлекет тарапынан көрсетілетін қолдау күзгі жиын-терім кезінде де жүйелі жалғасуда. Биыл егін жинау жұмыстарына жалпы көлемі 19,3 мың тонна арзандатылған дизель отыны бөлінді. Бекітілген кестеге сәйкес операторлар жанар-жағармайды шаруашылықтарға уақытылы жеткізіп, ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер оны литріне 295 теңгеден алуда.

Өнімді дер кезінде жинаумен қатар, оны ысырапсыз сақтап, тұтынушыға сапалы күйінде жеткізу де әбден маңызды. Осы тұрғыдан алғанда, өңір инфрақұрылымы алдағы орақ науқанының көлеміне толық сай келеді. Астық сақтау нысандарының жалпы сыйымдылығы 1,438 миллион тоннаны құрайды. Оның құрамында төрт лицензияланған



ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРАСЫН ОРЫНДАЙ ОТЫРЫП...

астық қабылдау кәсіпорны, төрт лицензиясыз кәсіпорын және шаруашылықтарға тиесілі 704 астық қоймасы жұмыс істейді. Картоп пен көкөніс өнімдерін сақтау бағытында да қажетті инфрақұрылым қалыптасқан. Облыста жалпы сыйымдылығы 350 мың тоннадан асатын 143 картоп-көкөніс қоймасы жұмыс істейді. Осылайша, өңірде күзгі жиын-терім нәтижесінде алынатын өнімді ұзақ мерзімге сақтап, ішкі нарықты тұрақты қамтамасыз етуге қажетті логистикалық әрі қоймалық әлеует толықтай даяр қалпында.

Мемлекеттік қолдау шаралары да биыл бұрынғыдан күшейтілген. Көктемгі егіс пен алдағы егін жинау науқаны кезінде ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің шығындарын өтеуге облыс бойынша 7,6 миллиард теңге көлемінде субсидия қарастырылған. Мұндай қолдау шаралардың қаржылық жетімсізін жеңілдетіп қана қоймай, дала жұмыстарын уақытылы әрі сапалы атқаруға берік негіз қалайды. Қазіргі таңда өңірде егін жинау науқанына дайындықтың барлық кезеңі тұрақты бақылауда. Мамандардың болжамынша, облыс бойынша жаппай орақ жұмыстары қыркүйек айының басында басталады.

Иә, сарша тамыз туғалы қыр баласы көктемде жерге сіңген әрбір дәннің өтеуі үшін алаңдай тұтесіні аян. Президент айқындаған агроөнеркәсіпті жаңғырту бағыты өндірістің нақты істермен сабақтасқанда ғана ауылдың әлеуеті артып, елдің берекесі еселене түспек дейміз.

Суретті түсірген Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

Дәстүрден демократияға дейін



Қазақстан 2026 жылғы 23 тамызда ел тарихындағы жаңа саяси институт – Құрылтай депутаттарын алғаш рет сайлайды. Бұл – заң шығарушы органның атауын ғана өзгерту емес. Бұрынғы Мәжіліс пен Сенаттан тұратын екі палаталы Парламенттің орнына бір палаталы жоғары өкілді орган құрылып, депутаттарды сайлау тәртібі, заң қабылдау үдерісі және билік институттарын қалыптастыру тетіктері қайта қаралды. Сондықтан, алдағы дауыс беру кезекті парламенттік науқаннан гөрі жаңа конституциялық модельдің іс жүзіндегі алғашқы сынағы болмақ.



Салтанат ІЛИЯШ, «Ortalyq Qazaqstan»

Атауы тарихи, міндегі заманауи

Жаңа Конституцияда Құрылтай заң шығару билігін жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының жоғары өкілді органы ретінде бекітілді. Бұрын Мәжіліс пен Сенаттан тұратын екі палаталы Парламент жұмыс істесе, енді оның орнына бір палаталы Құрылтай келеді. Депутаттарды сайлау тәртібі, заң қабылдау рәсімі, мемлекеттік институттарды қалыптастыру тетіктері де жаңарды. Сондықтан, бұл сайлау тек партияларды таңдаумен шектелмейді. Ол – Қазақстанның жаңа парламенттік моделіне берілетін алғашқы қоғамдық баға.

Жаңа Конституция бойынша Құрылтай – заң шығару билігін жүзеге асыратын жоғары өкілді орган. Оның депутаттары жалпыға бірдей, тең және төте сайлау құқығы негізінде жасырын дауыс беру арқылы сайланады. Яғни, жаңа органның саяси салмағы мен заңдылығы азаматтардың тікелей таңдауына сүйенеді.

«Құрылтай» атауы қазақтың саяси тарихына бөтен емес. Тарихта Құрылтай көшпелі халықтардың, соның ішінде, қазақтардың ең жоғарғы мемлекеттік, әскери және саяси жиыны делінеді. Ежелде және қазақ хандығы дәуірінде құрылтайда ел үшін ең тағдыршешті, аса маңызды мемлекеттік мәселелер қаралатын. Атап айтқанда, ру-тайпа басшылары мен беделді адамдар бас қосатын кеңес алаңы болған. Қазіргі Құрылтай сол тарихи институтты сол қалпында қайталау үшін емес, ұлттық саяси дәстүр мен заманауи парламентаризмнің сабақтастығын көрсету үшін таңдалды.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев жаңа Парламентке Құрылтай атауын беру арқылы елдің саяси жүйесінде тарихи атауды маңызды мемлекеттік институттың символы ретінде сақтауды ұсынған. Реформаны әзірлеген жұмыс тобы да жаңа органның атауы оның өкілеттігі мен саяси салмағына сай болуы керек деген ұстанымға келген.

Құрылтай 145 депутаттан құралады. Олар бес жыл мерзімге сайланады. Сайлау толықтай пропорционалды жүйемен, яғни, партиялық тізімдер бойынша өтеді. Заң жобалары үш оқылымда қаралады. Сондай-ақ, жаңа орган бірқатар жоғары мемлекеттік институттарды қалыптастыруға қатысады.

Бұл жерде басты өзгеріс – бір палаталылықтың өзінде ғана емес. Құрылтайға заң шығару, Үкімет қызметіне парламенттік бақылау жасау және мемлекеттік органдарды қалыптастыруға қатысу өкілеттіктері бір орталықта беріледі.

Бұрын Мәжіліс халықтың тікелей өкілдігін қамтамасыз етсе, Сенат өңірлердің мүддесін білдіретін. Заң жобалары алдымен, Мәжілісте, кейін Сенатта қаралатын. Бұл жүйе заңды екі рет сүзгіден өткізуге мүмкіндік берді. Сонымен бірге, шешім қабылдау уақытын ұзартып, кейде екі палатаның қызметінде қайталанатын тұстардың пайда болуына алып келді.

Жаңа модельде заң екі палата арасында жүрмейді. Оның орнына Құрылтайдағы үш оқылым, салалық комитеттердің жұмысы және құқықтық сараптама негізгі сүзгі болуға тиіс.

Сайлаудың салмағы партияларға түседі

Алғашқы Құрылтай сайлауы бұрынғы Мәжіліс сайлауынан ең алдымен, таңдау формасымен ерекшеленеді. Бұған дейін тұрғындар партиялық тізіммен қатар бір-мандатты округтегі нақты кандидатқа да дауыс бере алатын. Енді ел аумағы біртұтас жалпыұлттық сайлау округі саналып, негізгі

бәсеке партиялар арасында өтеді.

Бұл жүйеде сайлаушы белгілі бір адамның беделіне ғана емес, тұтас саяси ұйымның бағытына баға береді. Партияның бағдарламасы, кадрлық құрамы, қоғамдық беделі, бұрынғы уәделерінің орындалуы және ел дамуына қатысты ұсыныстары шешуші маңызға ие болады.

Демек, саяси партиялардың жауапкершілігі артады. Олар сайлау қарсаңында ғана белсенділік танытатын ұйым емес, қоғамдағы түрлі мүддені жинақтайтын, мамандар даярлайтын және мемлекеттік саясаттың балама бағыттарын ұсынатын тұрақты институтқа айналуға тиіс.

Сайлау жалпыұлттық сипат алғандықтан, партиялар бір өңірдің немесе бір әлеуметтік топтың мәселесімен шектеле алмайды. Олар экономика, инфляция, ауылды дамыту, тұрғын үй, білім, медицина, қауіпсіздік, экология және мемлекеттік басқару жөнінде тұтас бағдарлама ұсынуы қажет.

Жаңа жүйенің тағы бір ерекшелігі – Құрылтайда арнайы тағайындалатын депутаттардың болмауы. Бұрын Сенаттың бірқатар депутаты Президент квотасымен тағайындалатын. Енді барлық мандат сайлау нәтижесі арқылы бөлінеді. Өйелдерге, жастарға және мүгедектігі бар адамдарға қатысты талаптар партиялық тізімдерді қалыптастыру кезінде ескеріледі.

Алайда, толық пропорционалды жүйенің өз талаптары бар. Егер партиялық тізім жабық жасалып, кандидаттарды іріктеу түсініксіз болса, сайлаушы мен депутаттың арасы алшақтауы мүмкін. Сондықтан, тізімнің ашықтығы, партияшілдік демократия, өңірлік өкілдік және кандидаттардың қоғам алдындағы есептілігі ерекше маңызға ие.

Ықшам жүйе – зор жауапкершілік

Қазақстанның бір палаталы модельді таңдауына бірнеше себеп бар. Біріншісі – заң шығару үдерісін ықшамдау. Екі палаталы жүйеде бір заң жобасы Мәжіліс пен Сенатта жеке-жеке қаралатын. Бір палаталы органда талқылау мен шешім қабылдау бір орталықта жүреді. Бұл экономикалық, әлеуметтік немесе қауіпсіздікке қатысты жедел шешім қабылдауды жеңілдетуі мүмкін.

Алайда, жылдамдық сапаның орнына жүрмеуге тиіс. Сондықтан, заң жобаларын үш оқылымда қарау тәртібі маңызды. Алғашқы оқылымдарда құжаттың мазмұны талқылана, кейінгі кезеңде оның заңнамалық және құқықтық тұрғыдан дұрыс рәсімделуі тексеріледі.

Екіншісі – саяси жауапкершілікті айқындау. Екі палаталы жүйеде белгілі бір шешім үшін жауапкершіліктің қай орғанға тиесілі екенін қоғам әрдайым анық аңғара бермейді. Бір палаталы Құрылтайда заңды кім ұсынды, қай партия қолдады, қандай депутат дауыс берді – бәрі айқын көрінуге тиіс.

Өкілеттік бір орғанға шоғырланған сайын есептілік те күшеюі қажет. Депутаттардың дауыс беру нәтижелері, комитет қарар-тыңдылары, фракциялардың ұстанымы мен Үкіметке қойған талаптары қоғамға ашық болуы керек.

Үшіншісі – Парламенттің мемлекеттік басқарудағы орнын жаңарту. Құрылтай тек заң қабылдайтын орган ретінде қалмауы тиіс. Ол республикалық бюджетті бекітіп, оның орындалуын бақылауға, Үкімет мүшелерінің есептерін тыңдауға, парламенттік тыңдаулар өткізуге, мемлекеттік бағдарламалардың нәтижесін бағалауға міндетті.

Конституциялық сот, Орталық сайлау комиссиясы, Жоғары аудиторлық палата секілді маңызды институттарды қалыптастыруға қатысуы да Құрылтайдың саяси салмағын арттырады. Демек, бір палаталы модель өкілеттігін нақтылау және жауапкершілігін күшейтуге бағытталуы керек.

Әлемдік тәжірибе нені аңғартады?

Бір палаталы Парламент – Қазақстанға ғана тән тәжірибе емес. Мұндай үлгі әлемнің көптеген мемлекетінде бар. Бірақ, әр ел оны өзінің тарихи, саяси және аумақтық ерекшелігіне қарай қалыптастырған.

Швеция 1971 жылы екі палаталы жүйеден бір палаталы Риксдагқа көшті. Бүгінде заң жобалары парламенттік комитеттерде егжей-тегжейлі қаралып, содан кейін жалпы отырысқа шығарылады. Бұл елдің тәжірибесі бір палаталы жүйеде кәсіби комитеттердің орны ерекше екенін көрсетеді.

Финляндияда бір палаталы Парламент XX ғасырдың басынан бері жұмыс істейді. Мұнда заң жобалары бойынша сарапшылар тыңдалып, комитеттік талдау терең жүргізіледі. Яғни, бір палаталылық пікірталастың аздығын емес, негізгі сараптаманың комитеттер деңгейіне ауысуын білдіреді.

Жаңа Зеландия да 1951 жылы жоғарғы палатасын таратып, бір палаталы жүйеге көшті. Қазіргі Парламент халық өкілдігін қамтамасыз етеді, заң қабылдайды, Үкімет қызметін бақылайды және мемлекеттік шығындарды бекітеді. Елде пропорционалды сайлау жүйесі де қолданылады.

Бұл тәжірибелерден шығатын ортақ қорытынды бар. Бір палаталы Парламенттің табысты болуы оның құрылымына ғана емес, ішкі жұмыс сапасына байланысты. Күшті комитеттер, ашық талқылау, оппозиция құқықтары, тәуелсіз сараптама және парламенттік бақылау болмаса, ықшам жүйе тиімді жүйеге айнала алмайды.

Жаңа модельдің артықшылықтарымен қатар тәуекелдері де бар. Бұрын Сенат Мәжілістен өткен заңдарды қайта қарап, қосымша сүзгі қызметін атқаратын. Енді оның орнын үш оқылым, кәсіби сараптама және қоғамдық талқылау басыуы тиіс.

Тарихи таңдау нақты жұмыспен өлшенбек

Алғашқы Құрылтай депутаттарының жауапкершілігі ерекше. Олар тек жаңа шақырылымның өкілдері емес, жаңа саяси институттың жұмыс дәстүрін қалыптастыратын алғашқы құрам болмақ.

Олар Құрылтай регламентін іс жүзінде сынаиды, үш оқылымдық заң шығару тәртібін орнықтырады, комитеттердің рөлін айқындайды, Үкіметпен қарым-қатынастың жаңа үлгісін қалыптастырады. Депутаттардың ашықтығы, кәсібилігі мен қоғам алдындағы есептілігі кейінгі шақырылымдарға өлшем болады.

Сайлаушы үшін де жауапкершілік артады. Енді таңдау партиялық бағдарламаларды салыстыруды талап етеді. Азамат партияның экономикалық бағытын, әлеуметтік мәселелерге ұсынған шешімдерін, өңірлік мүддені қорғайтын кандидаттарын және бұрынғы қызметін саралауы керек.

Бір палаталы немесе екі палаталы болу мемлекеттің саяси сапасын өздігінен анықтамайды. Негізгі өлшем – сайлаудың әділдігі, партиялар арасындағы шынайы бәсеке, депутаттардың кәсібилігі, Үкіметке пәрменді бақылау және қоғаммен тұрақты байланыс.

2026 жылғы 23 тамыздағы сайлау – жаңа депутаттарды ғана анықтайтын күн емес. Бұл – Қазақстанның жаңа парламенттік моделіне берілетін алғашқы қоғамдық мандат.

Құрылтайдың беделі оның тарихи атауымен емес, қоғамның күрделі мәселесін ашық көтеріп, сапалы заң қабылдап, Үкіметтен нақты есеп талап ете алуымен қалыптасады. Ал, реформаның нәтижесі жаңа органның қаншалықты ықшам құрылғанымен емес, халықтың үнін қаншалықты дәл жеткізімінен өлшенбек.

Құрылтай – жаңа дәуірдің бастауы



Ғасырлар бойы халқымыз ел тағдырына қатысты маңызды мәселелерді ақылдаса отырып шешкен. Хан көтеру де, жер тағдырын айқындау да, ел бірлігін сақтау да Құрылтайдан бастау алған. Сондықтан, Құрылтай – қазақтың саяси мәдениетінің, елдік санасының және ортақ жауапкершілігінің жарқын көрінісі.

Жәлел ШАЛҚАР, «Ortalyq Qazaqstan»

Бүгін еліміз жаңа тарихи кезеңнің табалдырығында тұр. Әлем күн сайын өзгеріп жатыр. Геосаяси ахуал құбылып, технология бұрын-соңды болмаған қарқынмен дамуда. Мұндай уақытта мемлекет те заман талабына бейімделіп, басқару жүйесін үздіксіз жетілдіріп отыруы қажет. Өйткені, уақыттан ұтылған ел мүмкіндіктен де ұтылады.

Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, тұрақты дамудың басты кепілі – халықтың пікіріне сүйенетін, ашық әрі тиімді мемлекеттік басқару жүйесі. Дамыған мемлекеттердің барлығы дерлік мемлекеттік институттарды жаңғыртып, азаматтардың шешім қабылдау процесіне қатысу мүмкіндігін кеңейту арқылы өркендеп келеді.

Қазақта «Халық айтса, қалып айтпайды» деген қанатты сөз бар. Демек, мемлекет қабылдайтын әр шешімнің түп-төркіні халықтың сұранысымен сабақтас болуы тиіс. Жаңа Құрылтайдың басты мақсаты да – осы. Ол билік пен халықтың арасындағы байланысты бұрынғыдан да жақындатып, ел азаматтарының үні

стердің құқықтық негізін қалыптастырады. Конституция – мемлекеттің Ата Заңы әрі елдің даму бағытын айқындайтын басты құндылық. Оның басты мақсаты – адам құқықтарын қорғау, әділдікті орнықтыру және мемлекет пен қоғам арасындағы жауапкершілікті күшейту. Яғни, Жаңа Конституция – жаңа қоғамдық сананың, жаңа өмір салтының және жаңа мүмкіндіктердің бастауы.

Қазір әлемнің көптеген мемлекеттері басқару құрылымын оңтайландырып, шешім қабылдау тетіктерін барынша тиімді етуге ұмтылуда. Осындай тәжірибелердің ішінде бір палаталы Парламент үлгісі де өзінің тиімділігін көрсетіп келеді. Мұндай жүйеде заң шығару үдерісі жеңілдеп, шешім қабылдау мерзімі қысқарады, жауапкершілік нақты айқындалады. Ең бастысы – халықтың аманатын арқаалаған депутаттардың әрқайсысының қызметі қоғам назарында болады. Бұл ашықтықты күшейтіп, мемлекеттік басқарудың тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

Қазақ халқы «Бірлік бар жерде – тірлік бар» дейді. Оң нәтижелі реформалардың барлығы халықтың қолдауымен ғана жүзеге асады. Сол себепті, Құрыл-



естілетін жаңа қоғамдық алаң қалыптастыруға бағытталған.

Көпшілікті «Жаңа Құрылтай қарапайым халыққа не береді?» деген заңды сұрақ толғандырады.

Ең алдымен, халықтың ұсыныстары мен бастамалары заң шығару үдерісіне тікелей ықпал ете бастайды. Азаматтардың үнін еститін мемлекет қағидаты нақты мазмұнға ие болады. Қоғамдық бақылау күшейіп, депутаттардың қызметі ашық әрі әділ бағаланбақ. Заң жобаларын талқылау мен қабылдау үдерісі заман талабына сай жеделдеп, цифрлық технологиялар мемлекеттік басқарудың ажырамас бөлігіне айналады. Ең маңыздысы – әр депутаттың халық алдындағы жеке жауапкершілігі артады. Бұл өз кезегінде қоғамның нақты сұранысына жауап беретін, өмір сапасын жақсартуға бағытталған заңдардың қабылдануына жол ашады.

Демек, бұл өзгерістер – ауылдағы мұғалімнің сапалы білім беруін, дәрігердің алаңсыз еңбек етуін, кәсіпкердің ісін кеңейтуін, студенттің болашағы мен зейнеткердің әлеуметтік қорғалуын одан әрі сапалы болуына тікелей әсер ететін нақты тетік.

Жаңарған Конституция да осы өзгері-

тайдың басты миссиясы – ел ішіндегі сенімді нығайту, қоғамды ортақ мақсатқа жұмылдыру және азаматтық жауапкершілікті күшейту.

Бүгінгі әлемде мемлекеттің қуаты табиғи байлығымен немесе әскери әлеуетімен ғана өлшенбейді. Оның ең үлкен капиталы – азаматтарының мемлекетке деген сенімі. Сенім бар жерде тұрақтылық болады, даму мен жаңару қатар жүреді. Ал, сенім диалогтан, ашықтықтан және әділ шешімдерден қалыптасады.

«Келер күннің кілті – бүгінгі әрекетте». Елдің ертеңі ешқашан өздігінен жарқын болмайды. Оны жарқын ететін – халықтың саналы таңдауы, бірлігі және ортақ іске деген адалдығы. Сондықтан, жаңа Құрылтай – қоғамдық сананың жаңаруына, ұлттық рухтың көтерілуіне және Қазақстанның жаңа дәуірге нық қадам басыуына жол ашатын маңызды тарихи кезең.

Ендеше, ел ертеңіне бейжай қарамайтын әрқайсымыз Құрылтай сайлауына қатысып, өз таңдауымызды жасауымыз керек!

Суретті түсірген Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

Дауыс беру учаскесін қалай табуға болады?



2026 жылғы 23 тамызда өтетін Қазақстан Республикасы Құрылтайының депутаттарын сайлауда дауыс беру үшін Қазақстан Республикасының азаматтары өз учаскесін келесі тәсілдер бойынша таба алады:

- Жеке сәйкестендіру нөмірін (ЖСН) енгізу арқылы онлайн-сервис-тердің көмегімен;
- Тұрғылықты жері бойынша тиісті

елдімекен әкімдігінің Call-орталығына хабарласу арқылы. Call-орталықтардың нөмірлері әкімдіктердің интернет рес-сурстарында қолжетімді;

3. Сайлаушыға арналған дербес шақыруда орналастырылған QR-кодты пайдалану арқылы.

Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясы



сайлау.gov.kz



www.gov.kz/sailau



sailau2026.gov.kz

Қолдау қуат береді

Бес миллион теңге. Біреу үшін бұл – банк шотындағы кезекті сан ғана. Ал, енді біреу үшін – көптен күткен арманның бастауы. Бір баланың ем алуына жол ашатын оңалту орталығы. Ауылдан көшпей-ақ, кәсіп бастауға мүмкіндік. Жастардың технологияға қызығушылығын арттыратын роботтехника кабинеті. Ұмытылып бара жатқан ұлттық колөнердің қайта жаңғыруына себеп болатын шағын өндіріс.

Жамал СОВЕТҚЫЗЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Қазір мемлекет кәсіпкерлік-ті дамытуды экономиканың ғана емес, қоғамның тұрақтылығын қамтамасыз ететін негізгі бағыттың бірі ретінде қарастырады. Жұмыссыздықты азайтудың да, халықтың табысын арттырудың да, жаңа өндірістер ашудың да ең тиімді жолы – шағын және орта бизнестің дамуына жағдай жасау.

Әлеуметтік кәсіпкерлік – ең алдымен, адамға қызмет ететін бизнес. Мұнда бірінші орында табыс емес, қоғамдық мәселені шешу тұрады. Бір кәсіпкер ерекше қажеттілігі бар балаларға арналған түзету кабинетін ашады. Екіншісі ауыл әйелдерін жұмыспен қамтып, ұлттық бұйымдар шығарады. Үшіншісі балаларды робот құрастыруға үйретіп, болашақ инженерлерді тәрбиелейді.

Өңірде бұл бағыттағы жұмыстар бірінші кезеңді қолдау бағдарламасы аясында жүзеге асып келеді. Бағдарлама әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілері мен «Бір ауыл – бір өнім» жобасының финалистеріне қайтарымсыз мемлекеттік гранттар бөледі. Бір кәсіпкер ең көп дегенде бес миллион теңгеге дейін қаржы алады. Бұл қаражат жаңа бизнес ашуға емес, қолданыстағы кәсіпті кеңейтуге, құрал-жабдықтар сатып алуға, өндірісті жаңғыртуға және жаңа жұмыс орындарын құруға бағытталады.

Бір қарағанда бұл – көлiмгi мемлекеттiк бағдарлама. Мәселенiң мөнi бөлiнген қаржыда емес. Мәселе – сол қаржының қайда жұмсалып жатқанында. Мемлекет әр теңгенiң қоғамға қайтарымы болуын көздейдi. Сондықтан, грант кез келген адамға берiле салмайды. Әрбiр жоба арнайы конкурс арқылы сараланады. Комиссия бiрiншi кезекте идеяның әлеуметтiк маңыздылығына, нарықтағы сұранысына, маркетингтiк зерттеуiне, өндiрiстi iске қосуға дайындығына, өнiмнiң бәсекеге қабiлеттiлiгiне назар аударады. Жай ғана жақсы ой – жеткiлiксiз. Оның нақты нәтижесi болуы тиiс.

– Қарағанды облысында микро және шағын кәсіпкерлікті дамытуға ерекше көңіл бөлініп отыр. Қазіргі таңда кәсіпкерлерді қолдауға бағытталған бірнеше мемлекеттік бағдарлама іске асырылуда. Соның бірі – біздің басқарма арқылы жүзеге асырылатын Бірыңғай кешенді қолдау аясындағы көлемі 5 миллион теңгеге дейінгі мемлекеттік гранттар. Облыс басшылығының қолдауымен жыл сайын шамамен 50 жобаға 125 миллион теңге бөлінеді. Соңғы екі жылда 50 грант берілді. Гранттар конкурстық комиссияның шешімімен ғана тағайындалады және олар барлық кәсіпкерлерге емес, белгілі бір санаттағы үміткерлерге арналған. «Бір ауыл – бір өнім» жобасының финалистері мен әлеуметтік кәсіпкерлер тізіліміне енгізілген кәсіпкерлер қатыса алады. Бүгінде облыста 56 әлеуметтік кәсіпкер ресми тіркелген. Олар әлеуметтік қызмет көрсетіп қана қоймай, қоғамдағы әлеуметтік мәселелерді шешуге үлес қосады, сондай-ақ, әлеуметтік осал топтағы адамдарды жұмыспен қамтиды. Мұндай кәсіпкерлерге гранттан бөлек салықтық жеңілдіктер, бизнес-жоспар әзірлеу, бухгалтерлік және салықтық есеп жүргізу бойынша кеңестер, жобаларды сүйемелдеу сияқты қаржылай емес қолдау да көрсетіледі. Бағдарламаның ауқымы кеңейіп, «Бір ауыл – бір өнім» жобасы финалистерінің саны 5-тен 10-ға дейін ұлғайтылды. Әлеуметтік кәсіпкерлер тарапынан да бұл бағдарламаға қызығушылық жоғары, сондықтан, биыл грант алушылар санының артуын күтіп отырмыз, – деді облыстық кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасы басшысының орынбасары Расул Қасенхан.

Көп жағдайда біз ресми ақпараттағы статистиканы оқып өте шығамыз. «50 жоба қолдау тапты», «241 миллион теңге бөлінді», «8 кәсіпкер грант алды» Бірақ,

осы сандардың ту сыртында не тұрғанын ойланyp көрдік пе? Бір ғана гранттың арқасында қанша адам жұмысқа орналасады? Қанша бала сапалы білім алады? Міне, мәселе осында.

2023-2025 жылдар аралығында Қарағанды облысында мемлекеттік грант есебінен 50 кәсіпкерлік жобаға жалпы көлемі 241 миллион теңге бөлінген. Оның ішінде, 2023 жылы – 30, 2024 жылы – 12, ал, 2025 жылы сегіз жоба қолдау тапқан. Бұл көрсеткішті жай ғана есеп ретінде қабылдауға болады. Осы елу жобаның әрқайсында ондаған адамның тағдыры тұр. Бірінде жаңа жұмыс орны ашыл-



ды. Бірінде жаңа өндіріс іске қосылды. Бірінде ерекше қажеттілігі бар балаларға арналған қызмет пайда болды. Бірінде ұлттық өнім өндіріле бастады. Яғни, мемлекет бөлген қаржы экономикаға ғана емес, қоғамның өзіне жұмыс істей бастады.

Әлеуметтік кәсіпкерліктің ең үлкен жеңісі. Кәсіпкерліктің басты мақсаты – табыс табу деген түсінік қалыптасқан. Бұл – заңды. Бірақ, әлеуметтік кәсіпкерлік бұл қағиданы өзгертеді. Мұнда табыстан бұрын адамның мәселесі шешіледі. Теміртаудағы «Bala» балаларды оңалту орталығы – соның айқын дәлелі. Бұл – енді жүздеген ата-ананың баласын басқа қалаға сүйремей-ақ, өз өңірінде сапалы қызмет алуына мүмкіндік деген сөз. Кейде бір ғана түзету кабинетінің ашылуы бір отбасының тағдырын өзгертеді. Ата-ана үшін баласының денсаулығынан маңызды ештеңе жоқ. Мемлекеттік қолдау кәсіпкердің ғана емес, тұтас қоғамның тынысын ашып келеді.

Орталық алты жыл бойы балаларға көмек көрсетіп келеді. Осы уақыт ішінде ұжым тәжірибе жинақтап, ата-аналардың сеніміне ие болды. Енді мемлекеттік гранттың арқасында түзету кабинетін ашып, қызмет көлемін кеңейтуді

2023-2025 жылдар аралығында Қарағанды облысында мемлекеттік грант есебінен 50 кәсіпкерлік жобаға жалпы көлемі 241 миллион теңге бөлінген. Оның ішінде, 2023 жылы – 30, 2024 жылы – 12, ал, 2025 жылы сегіз жоба қолдау тапқан. Бұл көрсеткішті жай ғана есеп ретінде қабылдауға болады. Осы елу жобаның әрқайсында ондаған адамның тағдыры тұр.

жоспарлап отыр.

– Орталығымыз 2020 жылдың қазан айында мемлекеттік-жеке серіктестік жобасы аясында ашылды. Алғашында 45 төсек-орынға есептелген орталықта неврологиялық, нейрохирургиялық, ортопедиялық, травматологиялық және кардиохирургиялық сырқаты бар балаларға оңалту қызметі көрсетілді. Бүгінде сұраныстың артуына байланысты орталықтың сыйымдылығы 51 төсек-орынға дейін ұлғайтылды. Мұнда 45 білікті маман еңбек етеді. 2024 жылдан бері әлеуметтік кәсіпкерлік субъектісі ретінде тіркелді.

Орталықта физиотерапия, емдік дене шынықтыру және массаажбен қатар логопед, психолог, эрготерапевт сияқты мамандар кешенді қызмет көрсетеді. Біздің басты мақсатымыз – балалардың денсаулығын қалпына келтіріп



ды. Алғашында бірнеше ғана топ болса, бүгінде бес бағыт бойынша қызмет көрсетеміз. 2-3 және 4-5 жастағы балаларға арналған шағын балабақша, мектепке дейінгі пен ұзартылған күн тобы, роботтехника үйірмесі жұмыс істейді. Алдағы уақытта шығармашылық бағыттар мен каллиграфия курстарын ашуды жоспарлап отырмыз. Бұл орталықты ашу идеясы өз өмірлік тәжірибемнен туды. Өзім төрт баланың анасымын. Балаларымды түрлі үйірмелерге апарып жүргенде өңірде осындай орталықтың қажеттілігін байқадым. Мемлекеттік грант туралы кәсіпкерлерге арналған ортақ чаттардан білдім. Кейін роботтехника бағыты бойынша

үйренеді. Бүгін ойыншық робот құрастырған бала ертең өндірістегі автоматтандырылған жүйені жасайтын инженер болуы мүмкін. Сондықтан, мұндай жобаларға жұмсалған қаражатты шығын деп емес, болашаққа салынған инвестиция деп бағалау керек.

Мемлекеттік қолдау алған жобалардың бірі – Дәмелі Ермекованың киізден дамытушы ойыншықтар мен колөнер жиынтықтарын өндіру бастамасы. Жобаның басты мақсаты – табиғи материалдан жасалған сапалы әрі экологиялық қауіпсіз өнім шығару. Бұл бұйымдар балалардың шығармашылық қабілетін дамытуға, ұсақ моторикасын жетілдіруге арналған. Жоба жаңа жұ-



жоба ұсынып, грантқа қатыстым. Бұл идеяның тууына интернеттен көрген әсерлі оқиға себеп болды. Америкада алты жасынан роботтехникаға қызыққан бір жасөспірім жол апатынан кейін қолынан айырылып, кейін өзі бионикалық қолдың бірнеше үлгісін жасап шығарған. Аутизмі бар балалардың роботтехника арқылы өзіне деген сенімін арттырып, көпшілік алдында еркін өнер көрсете бастағаны мені ерекше шабыттандырды.

Грант қаражатына заманауи интерактивті такта, мектеп жасына дейінгі балаларға арналған LEGO Education WeDo жиынтықтары, ересек оқушыларға арналған LEGO Mindstorms кешендері, ноутбуктер, планшеттер, проектор және басқа да қажетті техникалық құрал-жабдықтар сатып алдық. Бұл жабдықтар оқу процесін заманауи деңгейде ұйымдастыруға мүмкіндік беріп, балалардың қызығушылығын арттырды. Бұған дейін жұмысымыздың негізгі болғанымен, орталықты толық жабдықтауға қаржылық мүмкіндік жеткіліксіз еді. Гранттың арқасында қажетті құралдардың барлығы алып, білім беру сапасын жаңа деңгейге көтердік. Алдағы уақытта роботтехника бағытын одан әрі дамытып, оқушыларымызды түрлі республикалық және халықаралық жарыстарға қатыстыруды жоспарлап отырмыз. Болашақта Қазақстанның намысын халықаралық деңгейде қорғайтын дарынды балалардың шығуына өз үлесімізді қосқымыз келеді, – деді Гүлнар Шоқанова.

Бұл орталықта балалар түрлі конструкторлармен жұмыс істейді, өз жобаларын жасап, жарыстарға қатысады. Командамен жұмыс істеуді, мәселені шешуді және шығармашылық ойлауды

мыс орындарын ашып, отандық өнімнің үлесін арттыруды көздейді. Қазір нарықта шетелдік ойыншық көп. Бірақ, олардың бәрі ұлттық құндылықты дәріптемейді. Ал, қазақтың киізінен жасалған ойыншықтар мен шығармашылық жиынтықтары баланың дүниетанымына да әсер етеді.

– Менің негізгі мамандығым – түсті металлургия инженері. Дегенмен, колөнерге бала күнімнен жакынмын. Бұл өнерді маған ата-анам мен әжелерім үйретті. 2010 жылы металлургия саласындағы жұмысымыз тастауға тура келді. Өндірістегі қызмет толық уақытты талап етті, ал, мен үшін отбасы мен бала тәрбиесі бірінші орынға шықты. Ұлдарыма ши тоқуды, киізбен жұмыс істеуді, түрлі ұлттық ойындарды үйреттім. Сол сәттерді әлеуметтік желіге жариялап отырдық. Көпшілік менің бұл өнерді білетініме таңалып, балалар мен ересектерге үйретуді сұрай бастады. 2020 жылы алғашқы сұраныстар пайда болып, 2021 жылдың тамызында өз колөнер мектебімді аштым. Биыл оның ашылғанына бес жыл толады. Бастапқыда бұл уақытша іс шығар деп ойлағанмын. Алайда, сұраныс жылдан-жылға артып келеді. Жаңа идеялар туындап, шығармашылыққа деген құлшынысым одан әрі күшейді. Бүгінде мектебімізге 8 жастан бастап кез келген адам келе алады. Жасқа шектеу жоқ. Ең үлкен шәкіртім 72 жаста болды. Ұлдар да, қыздар да білім алады. Колөнер баланың ұсақ моторикасын дамытып, шыдамдылыққа, ұқыптылыққа, еңбекқорлыққа тәрбиелейді. Кейбір балалар болашақта хирург болуды армандайды, сондықтан қол икемділігін дамыту үшін арнайы келеді. Біз балаларға тоқу, тігін тігу, ши тоқу, киізді дымық және құрғақ тәсілмен өңдеу, кестелеу,

рлым. Қазіргі басты мақсатым – өнімнің сатылымын арттыру, – деді Дәмелі Ермекова.

Мемлекеттік бағдарламалар туралы сөз болғанда көбіне миллиардтар айтылады. Ал, миллиардтың ішінде адамның тағдыры көрінбей қалады. Шын мәнінде, әр гранттың артында жаңа жұмысқа орналасқан жас маман тұр. Арманын жүзеге асырған кәсіпкер тұр. Өңірдің дамуы да осындай бастамалардан басталады. Мемлекеттік гранттың ең үлкен нәтижесі – бөлінген қаржы емес, адамның өміріндегі өзгеріс.

Мемлекеттік қолдау кәсіпкердің ғана емес, тұтас өңірдің дамуына серпін беріп келеді. Кәсіпкерлік туралы сөз болғанда көбіне өндіріс көлемі, инвестиция мен экономикалық өсім жайында айтамыз. Алайда, кез келген экономиканың өзегі – адам. Зауыттың да, өндірістің де, бизнестің де түпкі мақсаты – халықтың тұрмысын жақсарту.

Мемлекет әлеуметтік кәсіпкерлікті тек экономиканы әртараптандырудың құралы ретінде емес, қоғамдағы өзекті мәселелерді шешудің тиімді тетігі ретінде қарастырады.

Аймақта соңғы үш жылда 50 кәсіпкерлік жобаға 241 миллион теңге көлемінде мемлекеттік грант бөлінді. Оның нәтижесін тек қаржы көлемімен өлшеу – жеткіліксіз. Бұл – жүздеген адамның тұрақты жұмысы, ерекше қажеттілігі бар балаларға көрсетілетін жаңа қызметтер, инженерлік ойлауды дамытатын білім беру орталықтары, ұлттық қолөнерді жаңғыртқан өндірістер. Әр жобаның артында кәсіпкердің еңбегімен қатар, қоғамның игілігіне айналған нақты нәтиже тұр.

Суреттерді түсірген
Александр МАРЧЕНКО



Туристік кластер тірегі

Сарыарканың сайын даласында сұлу табиғатымен, терең тарихымен және қайталанбас көркімен ерекшеленетін Қарқаралы бүгінде еліміздің ғана емес, Орталық өңірдегі экологиялық туризмнің маңызды орталығының біріне айналып келеді. Кейінгі жылдардағы өңірдегі жүзеге асырылып жатқан ауқымды инфрақұрылымдық жобалар, инвестициялық бастамалар мен экотуризмді дамытудағы бағытталған жүйелі жұмыстар Қарқаралының жаңа келбетін қалыптастыруда. Бүгінде бұл өлке тек жазғы демалыс орны ғана емес, төрт мезгіл бойы турист қабылдайтын заманауи туристік кластерге айналған.

Сағыныш ӘБІЛ, «Ortalyq Qazaqstan»

Табиғат пен тарих мекені


Қарқаралы – табиғат пен тарих үйлесім тапқан бірегей мекен. Қарағай көмкерген таулар, мөлдір көлдер, гранитті жартастар, көне аңыздармен астасқан киелі орындар Қарқаралыны табиғаттың ерекше қаратылысына айналдырады.

Аңызға айналған тау басындағы «Шайтанкөл», «Бассейн көлі», ортағасырлық архитектуралық ескерткіш – «Қызыл кеніш» сарайы, атақты Қоянды жәрменкесінен қалған жәдігерлер туристердің қызығушылығын тудырса, Қарқаралы, Кент, Балқантау тауларындағы көне жазулар мен үңгірлер, қорымдар әлі де жұмбақ күйінде қалады.

Әлемде табиғатқа негізделген туризм жыл сайын қарқын алып келеді. Туристер енді көпқабатты қалалардан гөрі табиғатпен үндесетін тыныш мекендерді таңдауға ұмтылады. Осындай сұраныстың артуы Қарқаралының мүмкіндігін еселей түсті. Соңғы жылдары мемлекет тарапынан көрсетіліп жатқан қолдау, инженерлік инфрақұрылымның жаңаруы, инвестициялық жобалардың көбеюі және ұлттық парктің жүйелі жұмысы өңірді перспективалы туристік бағыттың біріне айналдырды.

Туризмнің дамуы жаңа жұмыс орындарының ашылуына, кәсіпкерліктің өркендеуіне, қызмет көрсету саласының кенеюіне және инвестицияның тартылуына ықпал етеді. Бүгінде аудан аумағында бір мезгілде 2 500-ден астам туристі қабылдай алатын 40-тан астам туристік нысан жұмыс істейді. Демалыс базалары, қонақ үйлер, пансионаттар, глэмпингтер мен этноауылдардың саны жыл сайын артып келеді. Бұл өңірдің туристік әлеуетінің жылдан-жылға қарқын алғанын көрсетеді.

– Соңғы жылдары ауданға келетін туристердің ауқымы да кенейді. Бұрын негізінен Қарағанды облысының тұрғындары келсе, бүгінде Астана, Алматы, Павлодар, Қостанай, Шығыс Қазақстан облыстарынан, сондай-ақ, шетелден келетін қонақтар көп. Өңірге келген турист, ең алдымен, жайлы жолды, сапалы интернетті, тұрақты электр энергиясын, таза ауыз суды және қолайлы қызмет көрсетуді күтеді. Осы талаптарды ескере отырып, аудан басшылығы инженерлік инфрақұрылымды жаңғыртуға басым



дык береді. Сондай үлкен кешенді туристік жобаның бірі – «Бұғылы» аймағы, – дейді аудандық кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлім басшысының міндетін атқарушы Нариман Есов.

«Бұғылы» – туризм болашағы

Қарқаралыдағы ең ауқымды жобаның бірі – «Бұғылы» туристік-рекреациялық аймағы. Бұл – өңірдің келешектегі туристік келбетін қалыптастыратын кешенді жоба.

Жобаның жалпы құны 4,5 миллиард теңгені құрайды. Биыл құрылыс жұмыстарына 1,2 миллиард теңге бөлініп, жоба басталғалы 940 миллион теңге игерілді.

Қазіргі уақытта мұнда инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды жүргізу жұмыстары жалғасуда. Жоба аясында 5 шақырым су құбыры, 4,5 шақырым көріз жүйесі, 2,5 шақырым жоғары кернеулі электр желісі, 5 шақырым автомобиль жолы, талшықты-оптикалық интернет желісі тартылады. Бірнеше саябақ, көгалдандырылған демалыс орындары, жарықтандыру жүйелері, скалодром, «Денсаулық баспалдағы» және басқа да туристік нысандар салу алдағы күндердің еншісінде.

75 гектар аумақты алып жатқан аймақ Бас жоспарға сай бес негізгі бағытқа бөлінген. Атап айтқанда, табиғатпен үндес шағын демалыс аймақтары яғни, табиғат аясында тыныш демалуға арналған орындар. Қазақ халқының салт-дәстүрі мен мәдениетін танытатын этноауыл. Бұл жерде туристер ұлттық тағамдардан дәм татып, көшпелі өркениеттің ерекшелігін сезіне алады. Балалар мен жастарға арналған ойын-сауық саябағы. Жайлы қонақ үйлер мен демалыс үйлері орналасады. Сонымен қатар, қысқы туризмнің өзегі болатын тау шаңғысы кешені бой көтермек. Жоба аясында 56 демалыс үйі мен глэмпинг салу жоспарланып отыр. Олардың жалпы сыйымдылығы – 366 орын. Инженерлік желілер толық аяқталғаннан кейін 18 жер учаскесі аукцион

арқылы инвесторларға ұсынылады. Жобаның басты ерекшелігі – Қарқаралы енді тек жазда ғана емес, жылдың кез келген уақытында турист қабылдауға әлеуетті.

Жаңа бағыттар ұсынады

Қарқаралы мемлекеттік ұлттық табиғи паркі – бүкіл Қазақстандағы экологиялық туризмнің ең маңызды орталығының бірі.

Аумағы 112 120 гектарды алып жатқан ұлттық парк табиғаттың сирек кездесетін байлығын сақтап қана қоймай, оны халық игілігіне жарату жолында да жүйелі жұмыстар жүргізіп келеді. Мұндағы сан ғасырлық қарағайлы орман, ерекше гранитті таулар, мөлдір көлдер мен алуан түрлі жануарлар дүниесі жыл сайын мыңдаған туристің қызығушылығын арттыруда. Қарқаралы табиғатының басты ерекшелігі – оның әр мезгілде әртүрлі көрініс табуы. Көктемде гүлге оранған тау бөктерлері мен құстардың әуені табиғаттың қайта түлегенін аңғартады, жазда самал желі есіп тұратын қарағайлы ормандар саяхатшыларға сая болады. Күзде алтын түске боялған орман ерекше көрікке енсе, қыста аппақ қар жамылған таулар қысқы туризмді дамытуға қолайлы жағдай қалыптастырады.

Ұлттық паркке келетін әрбір қонақ табиғаттың ерекше келбетін жақынан көруге мүмкіндік алады. Қазіргі уақытта парк аумағында жалпы ұзындығы 70,4 шақырымды құрайтын төрт туристік маршрут жұмыс істейді. Олардың әрқайсысының өзіндік ерекшелігі бар. Мәселен, «Шайтанкөл көлінің аңыздары» бағыты туристерді Қарқаралының ең тылсым табиғи нысандарының бірімен таныстырады. Көлдің пайда болуы туралы ел арасында сақталған аңыздар бұл жерге ерекше рухани сипат береді.

«Тарихи ескерткіштер» бағыты өңірдің көне тарихына саяхат жасауға мүмкіндік береді. Мұнда пы сыйымдылығы – 366 орын. Инженерлік желілер толық аяқталғаннан кейін 18 жер учаскесі аукцион

«Үш үңгір» маршруты табиғаттың жұмбақ әлеміне жетелейді. Жартастар арасындағы ерекше үңгірлер мен олардың геологиялық құрылымы көптеген саяхатшының қызығушылығын тудырады.

Ал, «Тас ертегісі» бағыты табиғаттың өзі жасаған ғажайып мүсіндерді тамашалауға мүмкіндік береді. Жел мен уақыттың әсерінен қалыптасқан алып тастар сан түрлі бейнеге ұқсап, келушілерді таңғалдырады.

Алдағы уақытта туристер үшін тағы екі жаңа бағыт – «Екі қазандық» және «Тас қақпасы» маршруттарын ашу жоспарланып отыр.

Биыл парк үшін бірыңғай дигитайн-код тұжырымдамасы әзірленді. Бұл туристік бағыттардағы барлық ақпараттық құралдардың бір стильде безендірілуіне мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, парк аумағында 30 жаңа ақпараттық стенд орнатылып жатыр. Бағыттаушы белгілер жаңартылып, келушілердің адаспай жүріне жағдай жасалуда.

Өндірістік цехта жаңа беседкалар, орындықтар, қоқыс жәшіктері мен қоршаулар дайындалуда.

Сондай-ақ, ұлттық парк аумағында туризм саласын цифрландыру мақсатында алты бақылау-өткізу бекеті жұмыс істейді. Мұнда келушілерді тіркеу, бақылау және төлем қабылдау жүйесі толық жаңғыртылған.

Қазіргі таңда Halyk Bank және Kaspi Bank арқылы онлайн төлем жасау мүмкіндігі бар. Бұл туристердің уақытын үнемдеп, қызмет көрсету сапасын арттыруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, барлық бақылау-өткізу бекеттеріне ақпараттық тактайшалар орнатылып, келушілерге қажетті мәліметтер ұсынылған.

«Шахтер» бақылау-өткізу бекетін толық автоматтандыру жобасы іске асырылуда. Ал, «Тасбұлақ» пен «Шайтанкөл» бекеттеріне электрондық слагбаумдар қойылып, көлік қозғалысын басқару жүйесі жаңартылды. Бақылау-өткізу бекеттерінде тәулік бойы жұмыс істей-

тін бейнебақылау жүйелері орнатылған. Сонымен қатар, байланыс сапасын арттыру үшін интернет пен ұялы байланыс сигналын күшейтетін арнайы құрылғылар іске қосылған.

Жазғы маусымда құтқарушылар мен мемлекеттік инспекторлар туристік бағыттарда тұрақты кезекшілік атқарады.

Дамудың басты тетігі

Өңірге жылына 30 мыңнан астам турист келеді екен. Бүгінде ұлттық парк аумағында туристік-рекреациялық қызметті дамыту үшін жалпы ауданы 15,5 гектар болатын 10 жер учаскесі ұзақ мерзімді, жалпы ауданы 10,5 гектарды құрайтын 19 жер учаскесі қысқа мерзімді пайдалануға берілген. Бұл жобаларға қазақстандық кәсіпкерлер мен инвестициялық компаниялар қатысып, жаңа туристік кешендер салуға қызығушылық танытып отыр.

Алдағы жылдары ұлттық парк аумағында заманауи визит-орталық, эко-қонақүй, Табиғат мұражайын жаңғырту және жануарлар вольтерін қайта салу жоспарланған. Туристің алғашқы әсері көбіне жолдан басталады. Сондықтан, аудан аумағында жол бойындағы сервисі дамытуға ерекше мән беріліп отыр.

Бүгінде аудандық және облыстық маңызы бар автомобиль жолдарының бойында жанармай құю бекеттері, қоғамдық тамақтану орындары мен кемпингтерді ұлттық стандарттарға сай жаңғырту жұмыстары жүргізілуде. Осы бағыттағы табысты жобалардың бірі – «Keruen Inn» мотелі. «Qazaqoil» жанармай құю станциясының аумағында орналасқан екі қабатты мотельде 39 адамға арналған жайлы бөлмелер қарастырылған. Бұл нысан ұзақ жолға шыққан саяхатшылар үшін сапалы қызмет көрсететін заманауи кешенге айналды.

Сонымен қатар, Қарқаралы қаласында жалпы инвестиция көлемі 3 миллиард теңгені құрайтын Family House туристік кешені жұмысын бастады. Кең әрі заманауи кешенде орналастыру, тамақтану



және демалыс қызметтері бір жерде ұсынылады. Мұндай жобалардың іске асуы өңірдің туристік тартымдылығын арттырып қана қоймай, жергілікті кәсіпкерліктің дамуына және жаңа жұмыс орындарының ашылуына да мүмкіндік беріп отыр.

Жауапкершілік үйлесімі

Жалпы әлемдік туризм индустриясында экотуризмге деген сұраныс бұрын-соңды болмаған деңгейде өсіп келеді. Табиғаттың сұлулығын тамашалап қана қоймай, оны сақтауға үлес қосу – заманауи саяхатшының басты ұстанымдарының біріне айналды. Бұл үрдіс Қарқаралы өңірінде де айқын көрініс табуда. Ашық аспан астында демалушылар саны артқан. Яғни, бұқаралық демалыс орындарын жаңғырту жұмыстары жүйелі түрде жүзеге асып келеді. Облыс әкімдігінің қаулысына сәйкес ауданда үш негізгі бұқаралық демалыс орны белгіленген. Олар – Самалкөл жағалауындағы «Шахтер» демалыс үйі, Қаршығалы ауылдық округіндегі «Саумалкөл» жағажайы және Қарқаралы қаласындағы қалалық тоған.

«Саумалкөл» жағажайы табиғат аясында тынығуға қолайлы орындардың бірі саналады. Жалпы аумағы 4 гектар болатын демалыс аймағында күн панелдері арқылы электр қуатымен қамтамасыз етілген. Мұнда демалушыларға арналған 10 шағын үй мен 2 киіз үй бар. Бір мезгілде 80 жуық адамды қабылдайтын жағажайда санитарлық тораптар, қоқыс контейнерлері және арнайы от жағатын орындар қарастырылған.


Қарқаралы қаласындағы қалалық тоған соңғы жылдары толық жаңғыртылды. Жағалау абаттандырылып, жаңа күректер, орындықтар, жағажай шезлонгтары, қоқыс жәшіктері мен санитарлық-гигиеналық тораптар орнатылды. Биыл бұл нысан сенімгерлік басқаруға беріліп, қызмет көрсету сапасын одан әрі жақсарту жұмыстары қолға алынды.

Ал, Самалкөл жағажайында жарықтандыру жүйесі жүргізіліп, жолдар жөнделді. Демалушыларға арналған беседкалар, санитарлық құрылыстар және тұрмыстық қалдықтарды жинауға арналған орындар орнатылды. Бұл жұмыстардың барлығы тұрғындар мен қонақтардың қауіпсіз әрі жайлы демалуына бағытталған.

Қазіргі таңда Қарқаралы туризмі жаңа сапалық кезеңге аяқ басты. Бұрын бұл өлке негізінен табиғатымен танылса, бүгінде заманауи туристік орталыққа айналып келеді.

Қарқаралы – өткеннің мұрасын бүгінгі дамумен сабақтастыра білген өңір. Мұнда табиғат пен тарих, ұлттық дәстүр мен заманауи туризм өзара үйлесім тапқан.

Суреттерді түсірген
Александр МАРЧЕНКО
және @karkaraly_natioal_park
instagram парақшасынан



• ҚҰРМЕТ

Менің арыстарым – бойтұмарым

Өмірде қорған, отбасында сыншы бола білген әкеме тағзым

Ахмет Бейсембекұлы әкемнің арғы тегі XVIII ғасырда жоңғар шапқыншылығы кезінде Орта жүз, Арғын тайпасы, Шор руынан шаққан, түменбасы, Қарқаралы өңірін жаулардан азат ету жолында қазақтың қалың қосынын Тоғалақ, Матақ, Мәңжі батырлармен бірге басқарған атақты қолбасшы Қожан батырдан (1686-1777ж.ж.) бастау алады. Бейсембек атамыз – тұқым қуған тектілігін сақтай отырып, ерте жастаң діни сауатын ашқан, намазын қаза қылмаған, көзі қарақты, көңілі сарай, ағайын-туыс десе, ішкен асын жерге қоятын, қазағыма тірек бола білген азамат. Алпыстың алдын тосқан шағында маңдайы торсықтай ұлы дүние есігін ашқан екен, азан шақырып қойылған есімі – Ахмет. Жастайынан діни білім мен саикалы тәрбиеден нәр алған әкеміз орта бойлы, ашаң жүзді, сөзге шешен, ширақ, еңбеккор болды. Оған дәлел, әкем 1905 жылы 25 жасында атақты Қоянды жәрмеңкесіне бірнеше адам болып қой айдап, бес биенің сабасында қымыз апарған екен. Анам 45 жасқа, әкем 72 жасқа келгенде дүние есігін інгәләп ашқан мен құдды ата-әженің мейіріміне бөленіп, қайналып кетейін», «құлыным» деген сөздерді естіп қимылым еркін, бауырмал, ағайыншыл болып өстім. Сонымен қатар, тәртіпті, адал, кішіпейіл, қайырымды болу адамға қажет қасиеттер екенін әкем Ахмет Бейсембекұлы мен анам Жауһария Абдулхаюмқызы маған әрдайым ескертіп, артық кетсем, «тентекті тегзе салып отырды». Әкеміздің «Атам қазақ «тектіден текті туады, тектілік тұқым қуады» деп бекер айтпаған. Сендер Абылай заманында ел сыртын жаудан, ел ішін даудан қорғаған, бір-бірімен тату болған Ер, Тоғалақ, Қожан, Матақ бабалардың ұрпағысыңдар» деген сөздерді біздер, ойын баласы, көкейімізге қондырып, мақтаныш сезіміне бөленіп өстік. Жаксы адам болу, адал өмір сүру мақсатың болса, Алла Тағаланың кеңшілік-мейірімімен ата-баба рухы қорғап, қолдап жүреді деген пайымға шынайы иланамын.

6-13 жас аралығында біздей ауыл баласы ат жалын тартып мініп, жылқыны суарып келуге, омбы қарда ат жарыстырып, құлын байласып, бие сауғызып, малды айдап табынға қосуға, өрістен қайтқан малдың алдынан шығып, түгендеп, айдап келіп қораға кіргізуге, қозы-лақ көгендеуге көмектесіп, мал төлдегенде, қырықтық науқанында немесе қой тоғытқанда, мал жайғағанда, ат әбзелдерін жасағанда әке-шешеміздің жанынан табылатын едік. Ерте тұрып, әкемізбен отын жинауға барып, мая үюге қолғабыс етіп, ағаш жарып, самау-



Марқұм әкем Ахмет Бейсембеков

інің алғашқы имамы лауазымына Саратов (Сарытау) жерінің тумасы, Қазаннан келген қари Сайфуллаұлы Хасан ахунды тағайындаған. Аппал азамат сол мерзімнен бастап Құнанбай мешітінде 18 жыл имам болып қызмет атқарған. Менің нағашы атам тақау, қари, дәрігер Мұстафаұлы Абдулхаюм мен Хасан ахун қызы Бибі-Фарида 1894 жылы шаңырақ көтереді. Олардың отбасында сегіз ұрпақ дүниеге келген. Олар – Шаяғзам, Әлиағзам, Шәукен, Шайхслам, Мәруария, Жауһария, Шаймансұр, Лағалия есімді ұл, қыздар. Бибі-Фарида дүние салғаннан кейін Абдулхаюм екінші рет үйленеді. Екінші әйелінен Махмет пен Күзембай есімді ұлдар өмірге келеді. «Тектіден текті туады» дегендей, есімі аталған әр ұрпақ өзіндік тағдыры, қасиеті, қарым-қабілетімен ерекшеленеді. Осы ұрпақтың бірі және бірегейі асыл анам, Хасан имамның жнен немересі Жауһария Абдулхаюмқызы 1907 жылдың күзінде туған. Өмірін ойын қызғалдағы болып бастаса да, жеті жасында сырғалы қыз атанып анасының қолғанаты болады. Он үште отау іесі демекші, анамыз зерек, инабатты, ісмер бойжеткен болып өседі. 1923 жылы 16 жасында анамыз ақылы асса, аға болатындай, адами қасиеті ерекше Қағазбай Аңқауов есімді азаматпен отау құрады. Он екі жылдан кейін асыға күткен тұңғышы Мейірқайыр өмірге келеді. Алайда, тыныш өмірдің шырың 1937 жылғы зобалаң бұзып жібереді... Анамның екі ағасына «халық жауы» деген айып тағылып, қамауға алынады. Шайхслам ағасы ату жазасына кесіледі, үкім орындала-

дан, Аблан, Біржан есімді ұрпағы, қаны бір, жаны бір екі бұтақтың күйеу балалары, келіндері, кейінгі жас буын ата мен әженің аманатына адалдық танытып үкілі үмітін ақтауда. «Жігіттің жақсысы – нағашыдан» деген нақыл сөздің астарында ана сүті мен асыл қасиеті айшықталып тұрғаны сөзсіз.

Анамның өмірінде басына түскен тағы бір сынақ туралы айтпақпын. Ата-ана мейіріміне әлі қанбаған Мейірқайыр ағам алты жасқа келгенде Ұлы Отан соғысы басталып, асқар тау әке Қағазбай әскер қатарына шақырылады. Отағасынан қол үзіп қалған отбасының ендігі қамқоршысы, анамның серігі бола білген Мейірқайыр ерте есейіп, еңбек жолын 8 жасында жазда қырманды қосақталған тайларды қуалап бидай бастырудан бастайды. «Томар» қолхозында 1948 жылға дейін жұмыс істейді. Сол заманда өзімен бірге өскен достары бала болып, асық ойнамаса да, жеңіске өз үлестерін қосып, елен-аланнан тұрып, түннің бір уақы-

еңбек еткенін дәлелдеп, батырын елімен қауыштырып кетті («Орталық Қазақстан». 29.08.2009. № 131-132). Перзенттің асқар тау әке аманатына, Жаратушының шапағаты түскен Сарыарқаның сәукелесі Қарқаралы жеріне деген махаббаты, қоғамға пайдалы азамат болу мақсатында халқына деген адалдығын сақтап елім деп еңіреген ер осылай болар!

1959 жылы Мейірқайыр ағам Ресейдің тумасы, елге сыйлы отбасында тәрбие алған Дариха Ғаббасқызымен отау құрады. 1960 жылы тұңғышы Асқар дүниеге келеді. Жоғары инженерлік білімі бар, білікті маман Асқар қаладағы белгілі мекемелерде абыройлы қызмет атқарды. Қарағанды мемлекеттік университеттің түлегі, білім саласының білгір маманы Айгүл Аманжолқызымен шаңырақ көтеріп, Дәулет пен Олжас есімді екі ұл өсірді. Туған-туыс, отбасы, достарына адал болып, қа-

кентінің экономикасы, әлеуметтік-мәдени саласының дамуына 30 жылдай саналы ғұмырын сарп еткен бейбіт өмірдің батыры ретінде халқының жадында қалды.

Аға деген жігітті жаным десе болмас па?

Ахмет әкемнің алғашқы қосағынан 1938 жылы Кәрібай ағам өмірге келеді. Кіші ағам 13 жасынан Кеңөлкеде өмірге араласып, Тоқылдақта, одан кейін Томардың өз басында зейнеткерлікке шыққанға дейін тракторист, комбайнер, механик, су құбырына жауапты маман болып аянбай еңбек етті, елдің алғысына бөленді. Әкемізден біраз қасиет дарыған кіші ағам сонымен бірге, аттың әбзелдерін жасайтын шебер атанды. Ол сабырлы, байсалды, жаңұсына және достарына адалдық танытқан азамат болды. Үлкенге құрмет, кішіге ізет, ата-анаға қошемет көрсете білу қасиетін ағам Кәрібай мен ақылына көркі сай, үйдің, сырттың шаруасын тындырып тастайтын, ісмер, текті отбасынан шыққан жеңгем Зейнеп Өмірбайқызынан үйрендім десем артық болмас. Менің бес жасымда хат танып, алты жасымда көрші болған көнекөз қарияларға білте шамның жарығымен «Батырлар жырын» оқып беріп отыру қабілетімнің қалыптасуына біріншіден, ағам мен жеңгемнің үйдегі шағын кітапханасы себепші болса, екіншіден, аяулы жандарымның кітап оқуға деген құмарлығы мен маған «кітапты досыңдай таңда» деген ақыл-кеңесінің нәтижесі шығар. Мектепке барғанда олар менің оқуым мен тәртібімді қадағалап, бағыт-бағдар беріп отырды. Қазағым «ағасы бардың жағасы бар» деп текке айтпаған ғой... Кәрібай мен Зейнеп 32 жыл тату-тәтті өмір сүріп, 4 ұл, 4 қызға асқартау әке, аяулы ана бола білді. Бүгінгі таңда ағам мен жеңгем арамызда болмаса да артында оларды ұмытпайтын, сағынатын ұрпағы бар. Олардың ішінде адалдықты, адамгершілікті ту етіп ұстаған жанның бірі Серік мезгілсіз қайтыс болған. Серіктің ұлы Айдын да аққан жұлдыздай өмірден өтті. Арттарында қалған Зейне мен Әсемге сабырлық, жүрек тыныштығын тілейміз. Інжу мен Айнамкөз өмірлеріне мән сыйлап жарығы үзілмесін! Рымбай, Рымқұл, Айгүл, Ержан, Сәуле, Назгүл, Ерлан есімді ұл-қыздары, немере, шөбелері сапалы білім, саикалы тәрбиенің негізінде әулет сабақтастығына дөнекер болып, ел қатарлы адал еңбек етіп өмір сүріп жатыр.

2026 жылы әкем Ахмет Бейсембекұлының өмірден озғанына – 60 жыл, анам Жауһария Абдулхаюмқызының қайтыс болғанына – 25 жыл, Мейірқайыр Қағазбайұлының дүниеден өткеніне – 5 жыл, Кәрібай Ахметұлының жарық дүниемен қоштасқанына – 33 жыл, Зейнеп Өмірбайқызының бақилық болғанына – 24 жыл толып отыр. Мақалада есімдері аталған о дүниелік болған арыстарымның, зама-



Марқұмдар: Кәрібай аға мен Зейнеп жеңгем

рынға тамызық дайындауға, пеш жағып, құл шығаруға, үйдің тас еденін сулап сыпырып шығу, құрақ көрпелерді қағып-сілкіп келу, уақытында бір шауғім су қайнатып, дүкеннен қант-шай, мәмәсі алып келуге, қажет болса көрші-қоланның шаруасына қолғабыс етуге, ата-әжелерге барып, сәлем бере отыра, олардың хал-жағдайын біліп, шайға шақыруға, бұлақтан шелекпен, кәткелі шамамен су тасуға, қора тазалауға, малға жем-су беріп, шоппалуға жарап, қолғанат болған екенбіз. Әкем 14 жасымда өмірден озғанда жарты дүние бос қалғандай күл кештім. Өмір сынағы менді жасөспірімді есейтіп «әке аманаты – ұрпаққа борыш» екенін түсініп, анама қамқоршы болу қарызымды орындау қажет екенін сезіндім. Ата-анамыз біздің рухымызды еңбекпен шындап, өз нанымызды, ізпақамызды адал жолмен табуға тәрбиелепті. Олар бізге әрдайым ерінбей тірлік жасап, ешкімге жалынбай, сұраншақ болмай саналы өмір сүрудің ең адами жолын үйреткенге саяды. Сондықтан, қайырымды ұрпақ ретінде ата-анамызды көкке көтеріп аяласақ, біз де қара жерде құр қалмастыз. Ата-анамыз Алланың бізге берген нығметі ғой...

Мейіріммен сусындатқан анамнан, қамқорлық танытқан ағамнан айналдым

Қарқаралы округінің аға сұлтаны Құнанбай Өскенбайұлы 1851 жылы осы шаһарда мешіт салдырып, өз пәрменімен Алла үй-

ды. Шаяғзам ағасы 10 жылға сотталып кетеді. Ол аздай 1938 жылы анамның жеңгесі Қалқажан Есенқұлқызы «халық жауының» әйелі деп танылып 5 жылға лагерге айдалады. Олардың ұрпағы менің нағашым Михаил 5 жасқа толмаған, інісі Нұрмаил 2-де, ал, менің ағам Мейірқайыр 3 жаста болған. 30 жасқа енді толса да, туысқандық парызына берік жас ана Жауһария оларды өз қамқорлығына алады. Қып-қыстау заманда жоқтық-жетіспеушіліктің ащы дәмін татса да, анам үш ұлды бес жыл бойы бір үйдің баласындай тәрбиелеп, өзінде барын үстеріне жауып, жылы-жұмсағын ауыздарына тосады. 1943 жылы жазалау мерзімін өтеп оралған Қалқажан жеңгесінің қолына екі нағашымды аман-есен тапсырады. Анамның сағына күткен ағасы Шаяғзам 10 жыл бойы лагерьдің бейнетін көріп, туған жеріне 1947 жылы бір аяқтан мүгедек болып оралады. Бұл әулетке берген тағдырдың тәлкегі осылай болған! Екі нағашым да анамның адами қасиетіне риза болып, сағынышпен еске алып отырған сәттердің талай рет қуәсі болдым. Анамның ақылшысы, сұрапыл 30-шы жылдары жұртқа тірек бола білген Шәкее ағасы әулетінің бір қанатын қазіргі таңда елінің елеулісі, халқының қалаулысы Михаил аға мен адал жар, асыл ана Күләнда тәтеден өрбіген Жаннат, Зинат, Рауан, Руслан есімді азаматтардың үрім-бұтағы айырыммен жалғастырып жатыр. Екінші қанатын ағайын-туысқа бауырмал болған марқұм Нұрмаил нағашым мен инабатты Бәтима тәтеден Айдар, Ра-



Марқұм болғандар: Жауһария анам, Мейірқайыр ағам, Асқар мен Дәулет бауырларым

тына дейін жұмыс істеп, қолдары босай қалса концерт қойып үлкендердің алғысын алып отырған. Сол еңбектері еленіп тыл ардагерлері атанды. Анам қолхоз жұмысына бір кісідей араласып жан аямай еңбек етеді. Қарағаш ауылында тұрып ағамның оқуын қадағалап, оқушыларды бағып-қағып интернатта тәрбиеші болып, мұғалімдер мен оқушылардың ыстық ықыласына бөленеді. Ілім-білімге құштарлығы бар жас ұлдар, оның ішінде Мейірқайыр ағам бар, 10-сыныпты Қарқаралыдағы №1 қазақ орта мектебінде тәмамдайды. Анамның батасын алған жас түлек 1952 жылы Алматыдағы тау-кен институтына түсіп, осы оқу орнын 1957 жылы «Түсті металлургия» мамандығы бойынша бітіріп, жолдамамен Өскемен қаласындағы қорғасын-мырыш комбинатында қызметке орналасады, цех бастығы дәрежесіне дейін көтеріліп, табысты еңбек етеді... 1941 жылы соғысқа аттанған Қағазбайдан хат-хабар болмайды. Мейірқайыр аға әкесін сан жылдар бойы іздестіреді, алайда, Мәскеудегі Қорғаныс Министрлігі мұрағатынан «хабар-ошарсыз кетті» деген бір сарынды жауап келіп отырады. Ағамның 60 жыл бойы ыждаһаттылықпен іздестірген жұмысы, анамның жұбайына деген адал махаббаты мен үкілі үміті, шынайы сенімі мен сезімі ақталып, Ресей үкіметінің пәрменімен, «Память народа» ақпараттық жобаның көмегімен ерлікті айғақтайтын мұрағат мәліметтерден бұлтартпас дәлелдер табылып 1943 жылы ерлікпен қаза тапқан Қағазбай Аңқауов есімі 2014 жылы маусым айында Ресейдің Белгород облысы, Яковлев ауданы, Смолино селосындағы бауырластар зиратындағы №89 гвардиялық атқыштар полкі жауынгерлерінің қатарында «Ер есімі – ел есінде» атты мәңгілік естелік тақтасына қашалып жазылды. 1941-1945 жылдар аралығында Қарқаралы ауданынан Екінші дүниежүзілік соғысқа аттанып қаза тапқан 1227 әке, аталарымыздың, 227 боздағымыздың хабарсыз кеткені, арасында 22 азамат Томар ауылынан екені анықталып отыр. Мыңнан аса әскермен бірге 12 жауынгер жерлесіміз Воронеж облысы, Терновое селосында әскери көмек келгенше ерлікпен қорсап ауыр шайқасқа жан тапсырған. Оған дәлел: Мейірқайыр Қағазбайұлының 5 жыл бойы Мәскеу, Алматы, Қарағанды қалаларында мұрағаттық деректерді сарап, ақиқатқа көз жеткізіп, Томар ерлерінің есімдерін аталмыш селодағы бауырластар зиратының тақтасына жаздырып, азаматтық борышын орындауы («Ortalyq Qazaqstan». 26.12.2020). 1948-1949 жылдары «Томар» қолхозының азаматтары Мұздыбай Рысқұлов, Жайсанбай Құлқин, Жаксылық Бәсімбеков, Байбосын Бекбаев аталарымызға ерен еңбегі үшін Социалистік Еңбек Ері атағы берілді. Сабыр Ахметов ата Ленин орденімен марапатталды. Мейірқайыр ағамның ізденіс-зерттеу жұмыстары өз нәтижесін берді. 1958 жылы Шығыс Қазақстан облысы өнеркәсіп саласында ерекше жетістіктері үшін Социалистік Еңбек Ері атағын алған Бәкір Ыбыраев ағамыздың 1905 жылы Темірші өңірінде, қазіргі Томар ауылында дүниеге келіп 20 жасына дейін туған топырағында

мал алатын шағында аққан жұлдыздай өмірден өтті. Жарқын бейнесі көзден кетсе де, көңілден кетпес! Қамқоршы атасының қолдауымен немерелер жоғары білім алып, өз мамандықтары бойынша табысты еңбек етуде. Болашағы үмітке толы, Мекеңнің жаны жайсаң екінші ұлы Дәулеттің де ғұмыры ұзақ болмады. Иманы мәңгілік жолдас болсын! Жанбырбай есімді мен – Мейірқайырдың бауырымын. Жан ағам 10 жасымнан бастап маған әрі аға, кейін әке орнында болды. Оқытты, тоқытты, тәрбиеледі. Адал жарым Айманмен шаңырақ көтергенде демәушім болып, батасын беріп еді. Айман білім беру саласында 40 жылдай еңбек етіп, ұлағатты ұстаз атанып 2012 жылы құрметті демалысқа шықты. Мен 50 жылдай ғұмырымды жоғары білім беру саласына арнап келемін. Ұлымыз Данияр, қызымыз Риза бір-бір отау құрып,



Марқұм Мейірқайыр ағам Ресейде бауырластар зиратында жерленген Аңқауов Қағазбай ағамызға гүл шоғын қоюда


қызметтерін істеп қуаныш сыйласа, сүйікті немерелеріміз өмірімізге мән, тұрмысымызға сан беруде. Өмірден өтер алдында Мейірқайыр ағасы оларға батасын беріп, разылығын білдіріп кетті. «Тектілердің тұяғы, Тандайды күз-қияны» дегендей Мейірқайыр ағам 2015 жылы Меккеге барып бес парыздың бірін орындап келді. Сексеннің сенгіріне келгенде қажылық ағам Жаратушының сүйікті құлына берген сыйы болар!

Алла берген адами қасиеті елден ерек, әулеттің тірегі болған Мейірқайыр Қағазбаев 86 жасында дүниеден өтті. Үлкен жауапкершілікті талап ететін лауазымды қызметтер атқарып ауданның, Қарағайлы

на белестерінде өмірден озған қасиетті Томар ауылымының азаматтарының жаны жәннатта, тәні рахатта болсын! Нұры пейіштіе шалқасын! Жоғарыда әңгіме өзегі болған әулеттердің жер басып жүрген ұрпағының, бізге тілеулес, тілеуқор игі жаксылардың ғұмыры ұзақ болғай!

Жанбырбай ҚАҒАЗБАЕВ,
«Құрмет» орденінің иегері,
академик Е.Бөкетов
атындағы Қарағанды ұлттық
зерттеу университетінің еңбек
сіңірген қызметкері

Суреттер автордан



ЗАҢ МЕН ТӘРТІП
Қауіпсіз Қазақстан үшін!

Заңсыз төлемдерді ТОҚТАТТЫ

Әлихан Бөкейхан ауданы прокуратурасы міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесі шеңберінде медициналық қызметтердің көрсетілуі мен бөлінген қаражаттың заңды жұмсалуды бойынша медициналық ұйымның қызметіне тексеру жүргізді.



Сурет ЖИ

Аида РАХЫМҚҰЛ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Тексеру барысында 2023-2025 жылдар аралығында жүктілікті жасанды түрде үзуге байланысты көрсетілген медициналық қызметтер үшін пациенттерден негізсіз ақы алу фактілері анықталды. Аталған қызметтер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес МӘМС жүйесі шеңберінде тегін көрсетілуге тиіс.

Анықталғандай, медициналық ұйым әйелдердің өз қалауы бойынша жүктілікті жасанды түрде үзу қызметін көрсетіп, оны бір мезгілде ақылы қызмет ретінде рәсімдеп, бекітілген ақылы қызметтер прейскурантына сәйкес қасса арқылы төлем қабылдаған. Сонымен қатар, іс жүзінде көрсетілген бұл қызметтер «Кешенді медициналық ақпараттық жүйе» және «Стационарлық науқастардың электрондық тіркелімі» ақпараттық жүйелеріне МӘМС аясында көрсетілген қызмет ретінде енгізілген.

Сақтандырылған тұлғалар және МӘМС жүйесі мен меди-

циналық көмек алуға құқылы пациенттер заңмен кепілдендірілген құқықтарынан негізсіз айырылып, медициналық қызметтерге ақысы бойынша төлеуге мәжбүр болған. Оларға мүлктік құқық бойынша зиян келтірілген.

Тексеру нәтижесінде медициналық қызметтер үшін қосарланған төлемнің 775 фактісі анықталды. Азаматтардан негізсіз өндірілген қаражаттың жалпы сомасы 22 миллион теңгені құрады.

Анықталған заң бұзушылықтар бойынша прокурорлық қадағалау актісі енгізілді. Қазіргі уақытта 300 әйелге жалпы сомасы 9 млн теңге қайтарылды. Қалған қаражатты қайтару жұмыстары жалғасуда.

Прокуратура азаматтардың конституциялық құқықтарының сақталуын қамтамасыз ету және заңдылықтың бұзылуына жол бермеу бағытындағы жұмыстарын тұрақты негізде жалғастырады.

Тың жоба тыныс ашады

Сәуірден бастап, Балқашта демалыс орындары мен жылжымайтын мүлікті жалға беруге арналған жаңа «RentBalkhash.kz» платформасы іске қосылды. Сервис жұмысын бастағалы бері оған 20 мыңнан астам пайдаланушы кіріп, қажетті ақпаратпен танысыпты. Бүгінде бұл платформа туристер мен кәсіпкерлер арасындағы байланысты жеңілдетіп, Балқаштағы демалыс орындары туралы мәліметті бір жерден алуға мүмкіндік беріп отыр.

Ербол ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»


Бұл жобаның негізі 2019 жылы колледж қабырғасында дипломдық жұмыс ретінде қаланған. Басты мақсат – Балқаш қаласындағы барлық демалыс орындарын бір цифрлық платформаға біріктіріп, тұрғындар мен туристерге қолжетімді ақпарат ұсыну. Осы идеяны жүзеге асыру үшін колледж түлектері Ерсұлтан Төкен мен Ринат Қуанышұлы жобаны жан-жақты зерделеп, дипломдық жұмыстарын бірлесіп әзірлейді. Әрі еңбектерін жоғары деңгейде қорғап, оқу орнын сәтті тәмамдаған. Алайда, оқу бітіргеннен кейін уақыттың тапшылығына байланысты сервисі әрі қарай дамытып, қолданысқа енгізу кейінге шегеріліпті. Содан араға бірнеше жыл салып жобаны қайта жандандыруға бел бұған. Өткен жылдан сервиске жетілдіру жұмыстары жүргізіліп, функционалы толықтырған.

Платформа заманауи JavaScript және React Native технологиясы негізінде құрастырылды. Сервис іске қосылған аз ғана уақыт ішінде сайтқа 20 мыңнан астам қолданушы кіріп, өңірдегі туристік инфрақұрылым туралы ақпарат алды. Қазіргі таңда веб-ресурса Балқаш қаласы бойынша 35-ке жуық демалыс орны туралы мәлімет қамтылған. Тоғыз ірі демалыс орны платформамен тікелей келісімшарт негізінде жұмыс істейді. Тұтынушылар сайт арқылы қажетті демалыс орнын, бөлме сыйымдылығын және мерзімін тандап, бірден демалыс орнына байланысқа шығып, брондай алады, – деді Ерсұлтан Төкен.

Жалпы, платформа үш негізгі бөлімнен тұрады. Әрбір нысан бойынша толық сипаттамасы, фотосуреттер мен байланыс нөмірлері көрсетілген. Демалыс орын-



Коллекция жасаған Коктем Арайлым



дары өз қызметі туралы ақпаратты платформаға ақылы негізде жариялайды. Ал, жалға берілетін пәтерлер мен саяжай иелеріне – тегін.

Кәсіпкерлер бастамамызды қолдап, ынтымақтастыққа дайын екендерін білдірді. Ал, пәтерлерін жалға беретін тұрғындардың басымы бөлігі платформаның мүмкіндіктерімен әлі толық таныс емес. Соған қарамастан, бұл бағытта да хабарландыру жариялап жатқан азаматтар бар. Қазіргі таңда біз тоғыз демалыс орнымен бірлесіп жұмыс істеп жатырмыз. Келер маусымда ынтымақтастық аясын кеңейтіп, Балқаштағы барлық демалыс орындарын платформаға тартуды көздеп отырмыз. Сонымен қатар, әрбір демалыс орнының фотоматериалдарын жаңартып, жаңа

форматтағы хабарландырулар әзірлейміз, – деді Ринат Қуанышұлы.

«Monaco Balkhash» демалыс орнының иесі Аяна Айнабекова – сервис іске қосылған сәттен платформамен ынтымақтастық орнатқан алғашқы кәсіпкерлердің бірі. Кәсіпкер аталған сервис арқылы ай сайын шамамен 500-ге жуық турист байланысқа шығатынын айтады. Әрі платформаны күнделікті қолданып, тиімді құралға айналдырғанын да баса айтты.

Сервис демалушыларға да, біз секілді кәсіпкерлерге де өте қолайлы. Қонақтар бір жерден өздеріне қажетті ақпаратты алып, демалыс орындарының нөмірін, олардың түрлерін, бағаларын қарап, өздеріне қолайлы нұсқаны тандай алады. Біз үшін жұмыс едәуір жеңілдеді.

ЦИФРЛАНДЫРУ ЖӘНЕ
ЖАСАҢДЫ ИНТЕЛЕКТ ЖЫЛЫ
2026

Бұған дейін білуімізше қалада туристер мен демалыс орындарын осылай бір платформада байланыстыратын ыңғайлы сервис болмаған. Rent Balkhash іске қосылғалы бізге келетін қонақтардың да саны арта түсті. Жастарымыздың белсенді болып, жаңа идеяларды жүзеге асырып, Балқаш туризмінің дамуына өз үлестерін қосып жүргеніне қуанамыз, – деді Аяна Ерланқызы.

Жобаны әзірлеушілер платформаның функционалды мүмкіндіктерін алдағы уақытта одан әрі жетілдіруді жоспарлап отыр. Келер маусымда сайтқа жаңа тетіктер енгізіліп, пайдаланушылар үшін қолжетімді қызмет түрлері кеңейтілмек.

Алдағы негізгі мақсатымыз – платформаға демалыс орындарын тікелей брондау жүйесін енгізу. Келесі маусымнан бастап бұл үдеріс толықтай цифрландырылады. Биылғы туристік маусым аяқталғаннан кейін техникалық жұмыстарды бастап, платформаны демалыс орындарының мәліметтер базасымен біріктіреміз. Соның нәтижесінде, туристер өзіне қолайлы орынды платформа арқылы бірден брондай алады, – деді Ерсұлтан Төкен.

Ең бастысы, бұл жобаны қос автор үлкен қаржылық қолдаусыз, өз ізденістері мен еңбектерінің нәтижесінде жүзеге асырған. Қарапайым идеядан басталған бастаманы бүгінде ел игілігін көріп отыр. Өңірдің туристік әлеуетін арттырып, қызмет көрсету сапасын жаңа деңгейге көтеруге өз үлесін қосып келеді.

Сурет облыс әкімдігінің сайтынан

Табиғаттан табылған демей

Қоғамның кемелдігі әлсізге жасаған қамқорлығымен өлшенеді. Ерекше қажеттілігі бар адам өзін бөтен сезінбеген орта ғана шын мәнінде жайлы әрі әділетті болмақ. Абай ауданының Топар кентінде ашылған инклюзивті аллея осындай ізгі мұраттан туған. Жаңа қоғамдық кеңістік тұрғындардың бірге демалуына, еркін араласуына және ортақ шараларға қатысуына мүмкіндік береді.



Мағжан ҚҰДАЙБЕРГЕН,
«Ortalyq Qazaqstan»

«Инклюзивті аллея: гарденотерапия және кедергісіз отбасылық демалыс» әлеуметтік-экологиялық жобасы аясында қатысушылар он түп жапон тобылғысын екті. Бастамаға 80-нен астам адам қатысты. Жобаны Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің қолдауымен, Азаматтық бастамаларды қолдау орталығы үйлестірген шағын грант ая-

сында «Тамаша Адам» мүгедектер қоғамдық бірлестігі жүзеге асырды.

Бастаманың негізгі мақсаты – ерекше қажеттілігі бар балаларды тәрбиелеп отырған отбасылар үшін қолжетімді әрі қауіпсіз орта қалыптастыру. Мұнда олар бірге тынығып, пікір алмасып, пайдалы ақпарат алып, қоғамдық жұмыстарға қатыса алады. Бұл жоба өсімдік егу немесе демалыс ұйымдастырумен ғана шектелмейді. Оның түп мәнінде адамдардың бір-бірін қабыл-

дауы, қолдауы жатыр. Аллеяда қатысушылардың жақындасып, еркін әңгімелескені ерекше әсер қалдырды, – деді «Тамаша Адам» қоғамдық бірлестігінің жетекшісі Ольга Матакова.

Жобаға ерекше қажеттілігі бар балалар мен жастарды тәрбиелеп отырған отбасылар, олардың заңды өкілдері, мемлекеттік қызметшілер, еріктілер, Жастар альянсының мүшелері және кент тұрғындары да қатысты. Бастамаға «Батыл Жүрек» қайырымдылық қоры қолдау көрсеткенін



ӘЛЕУМЕТТІК
КОЛДАУ

айта кету керек.

Жоба бағдарламасы бірнеше бағытты қамтыды. Қатысушылар аумақты көгалдандырып, гарденотерапия (өсімдіктерді өркендету) сабақтарына қатысты. Ата-аналар үшін арнайы оқыту семинары ұйымдастырылды. Онда балаларды әлеуметтік ортаға бейімдеу, инклюзивті қарым-қатынас орнату және мемлекеттік әрі қоғамдық қолдау тетіктері туралы ақпарат берілді.

Жобаның қорытынды кезеңінде жергілікті су қоймасына саяхат ұйымдастырылды. Қатысушылар шығармашылық, спорттық және экологиялық шараларға қатысты. Балалар үшін дамытушы ойындар мен танымдық сабақтар өткізілді.

«Тамаша Адам» қоғамдық бірлестігі бұл бағыттағы жұмыстарды алдағы уақытта да жалғастыруды көздейді. Қазір мүмкіндігі шектеулі жандар мен олардың отбасыларының өзара байланысын нығайтуға, бірге демалуына және қоғамдық өмірге белсенді араласуына арналған жаңа әлеуметтік бастамалар әзірленуде.

Сурет облыс әкімдігінің сайтынан

Жаңалық
әрқашан жаныңызда!
<https://ortalyq.kz/>

Қарағанды облысы әкімінің аппараты әдеп жөніндегі уәкіл
Корлан Сабетқызы Бекимоваға орны толмас ауыр қаза ағасы
Рүслан Сабетұлы БЕКИМОВТІҢ
қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

• ЖОБА

Жігер мен үміт тоғысқан

Елімізде ерекше қажеттіліктері бар балалардың спорт арқылы оналтуға бағытталған бастамалардың қатары артып келеді. Соның жарқын үлгісінің бірі – «Жас Жауынгер» бейімдеу спорт орталығы. Бүгінде бұл жоба қанатын кеңге жайып, еліміздің 15 өңірінде өз филиалын ашқан. Ал, Қарағанды өңірінде үйірме жыл басынан бері жұмыс істеп тұрғанымен күні кеше филиалдың ресми тұсауы кесілді. Іс-шараның ашылу салтанатына облыстық дене шынықтыру және спорт басқармасының басшысы Нұркен Нұратов, Қарағанды қаласы әкімінің орынбасары Ләззат Төкенқызы және орталықтың негізін қалаушы Садық Байымбетов қатысып, жаңа бастаманың маңыздылығына тоқталды.



Ербөл ЕРБОЛАТ, «Ortalyq Qazaqstan»

Орталықтың басты мақсаты – ерекше қажеттіліктері бар балалардың спорт арқылы өз қабілетін шыңдап, армандарына қол жеткізуіне мүмкіндік жасау. Барлық жаттығу сабақтары балалар үшін тегін. Аталған орталықтың негізі 2018 жылы қаланған. Бүгінде ауқымды әлеуметтік жобаларды жүзеге асырып, қоғам игілігіне бағытталған еңбегімен ел көлемінде кеңінен танылды. Тіпті, 2020 жылы «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында ұйымдастырылған «Жомарт жүрек» сыйлығының «Жылдың үздік ұйымы» номинациясының лауреаты атанып, марапатты Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың

қолынан алған. – Осындай ауқымды жобаны жүзеге асыру – жауапкершілік пен қажырлы еңбектің жемісі. Ең бастысы, бұл бастама ерекше қажеттіліктері бар балалардың өмірге деген құлшынысын арттырып, олардың дені сау, белсенді әрі толыққанды өмір сүруіне жол ашып отыр. Осы игі іске мұрындық болған орталық мамандарына, қолдау көрсеткен демеушілер мен кәсіпкерлерге шынайы ризашылығымды білдіремін. Қарағанды өңірінде «Жас Жауынгер» бейімдеу спорт орталығының ашылуымен баршанызды құттықтаймын. Балаларымызға зор денсаулық, сарқылмас жігер, биік белестер мен жарқын жетістіктер тілеймін, – деді Нұркен Қанатұлы. Бүгінде өңірдегі «Жас Жауынгер» бейімдеу спорт орталығының секциясында 25 бала жаттығып

жүр. Орталық мамандары олар үшін арнайы авторлық бейімдеу әдістемесін әзірлеп, оқу-жаттығу үдерісін осы бағдарлама негізінде ұйымдастырады. Бағдарлама балалардың жалпы дене дайындығын нығайтып, қимыл-қозғалыс қабілетін дамытуға бағытталған кешенді жаттығуларды қамтиды. Сонымен қатар, оған жекпе-жек спорт түрлерінің жекелеген элементтері де енгізілген. Алайда, бұл тәсілдер спорттық бәсекеге баулудан гөрі оналту, тірек-қимыл аппаратының қызметін жақсарту, қозғалыс үйлесімін қалыптастыру және балалардың өзіне деген сенімін арттыру мақсатында қолданылады. Ал, жаттығулар Қарағандыдағы Нұркен Әбдіров атындағы спорт кешенінің күрес залында бір сағаттан аптасына үш мәрте өткізіледі. Сал ауруына шалдыққан 11

жастағы Омар Алпысовтың осы спорт орталығына келіп жүргеніне алты айға жуықтаған. Анасы Азаткүл Шаппекеева осы уақыт ішінде ұлының бойындағы оң өзгерістерді анық байқағанын айтады. Омардың қимыл-қозғалысы ширап, спортқа деген қызығушылығы, өмірге деген құлшынысы да арта түскен. Іс-шара барысында Омардың тұсауы кесіліп, ақ жол тілеп, бата берілді. – Бұған дейін ұлымың тұсауын кесу туралы ойламаппыз. Осы игі шараның аясында ұлттық дәстүрімізді жаңғыртып, баламыздың тұсауын кесіп, игі жақсылардың батасын алдық. Ұлым осы орталыққа келгелі көп өзгерді. Мұндағы ең басты ерекшелік – бұл жердің жай ғана емдік дене шынықтырумен шектелмеуінде. Керісінше, балаларды өздігінен қимылдауға, белсенді болуға, өз күші-

не сенуге үйретеді. Олар мұнда «ем қабылдауға бара жатырмын» деген оймен емес, «спортпен айналысуға, жаттығуға барамын» деген үлкен ынтамен келеді. Баланың бойындағы дәл осы құлшыныс пен жігер ата-ана үшін бәрінен қымбат. Қыс бойы ауа райының қолайсыздығына қарамастан ұлымды бірде-бір жаттығудан қалдырған емеспін. Себебі, мұндағы әрбір сабақ өзіне деген сенімін нығайтып келеді, – деді Азаткүл Шаппекеева. Орталықтың негізін қалаушы Садық Бақытбекұлы өз сөзінде ARM-BACK спорт түрінің дүниеге келу тарихы және оның болашағы жайында кеңінен тоқталды. – Біздің орталықта 5 пен 18 жас аралығындағы балалар тұрақты жаттығады. Алайда, олар кәмелет жасына толғаннан кейін спортпен айналысуды жалғастыра алмайды. Осы мәселені шешу үшін ерекше қажеттіліктері бар жандар мен дені сау спортшылардың бірге бақ сынауына мүмкіндік беретін ARM-BACK атты жаңа спорт түрін ойлап таптық. Бұл – Қазақстанда ғана емес, әлемде баламасы жоқ бірегей жоба. Біз әлемдік параспорт тәжірибесін жан-жақты зерттедік. Сонда спортшыларымыздың негізінен шетелде пайда болған спорт түрлерімен ғана айналысып жүргеніне көз жеткіздік. Сондықтан, Қазақстанда дүниеге келген ұлттық бастаманы халықаралық деңгейге шығаруды мақсат еттік. Қазіргі таңда ARM-BACK спорт түрінен ел чемпионаты өткізіліп, оны паралимпиадалық спорт түрі ретінде тіркеуге қажетті құжаттар рәсімделді. Алдағы мақсатымыз – 2032 жылғы Паралимпиада ойындарының бағдарламасына Қазақстан ұсынған тұңғыш спорт түрі ретінде енгізу. Біз осы бағыттағы жұмыстың нәтижелі

боларына сенеміз, – деді Садық Бақытбекұлы. Бұл спорт түрі командалық форматта ұйымдастырылады. Әр команда бір салмақ дәрежесіндегі бес спортшыдан жасақтап, жеребе нәтижесі бойынша қарсыластарымен сынга түседі. Ойынның қағидаты армрестлингке ұқсас болғанымен, өзіндік ерекшелігі бар. Команда мүшелері кезекпен күш сынасып, әр жеңіс үшін өз ұжымына ұпай әкелуі қажет. Жарысқа ерекше қажеттіліктері бар балалар мен дені сау спортшылар тең дәрежеде қатыса алады. Мәселен, арбада отырған спортшы өзімен салмағы бірдей қарсыла-сымен еркін бәсекеге түседі. Екі қатысушы өздеріне тиесілі тұтқаны белгіленген қалыпта ұстағаннан кейін төреші арнайы құрылғыны іске қосады. Осы сәттен бастап қарсыластар тұтқаны өз жағына тартып шығаруы шарт. Кім бірінші болып құрылғыны өзіне тар-тып алса, командасына бір ұпай жазылады. Кездесулер осылайша барлық қатысушылар арасында кезекпен жалғасады. Ал, командалық кезеңнің қорытындысы бойынша жеңілген ұжым жарысты аяқтайды. Арнайы тұтқалардың арақашықтығы – 22 сантиметр. Бұл көрсеткіш медицина мен спорт ғылымының ұсынымдары негізінде есептеліп, балалардың қол қозғалысының табиғи амплитудасына сәйкес айқындалған. Мұндай құрылым буын контрактурасын, иық пен білекке түсетін артық жүктемелің алдын алуға мүмкіндік береді. Мамандардың айтуынша, ғылыми зерттеулердің қорытындысы бойынша жаракат алу қауіпі өте төмен, қауіпсіздігі жоғары спорт түрлеріне енеді екен.

Суретті мүсірген автор

• ЖАҢА ФИЛЬМ

Әлемдік байқауда бақ сынайды

Балқаш қаласында түсірілген қазақстандық «Mūǵalıt» көркем фильмі Испанияға жол тартты. Фильм 18-26 қыркүйек аралығында өтетін 74-ші Сан-Себастьян халықаралық кинофестивалінің New Directors байқау бағдарламасына енді. Осылайша Балқашта түсірілген туынды әлемдік кино кеңістігінде Қазақстан атынан таныстырылып, 20 қыркүйекте халықаралық премьерасын өткізеді.



Аида РАХЫМҚҰЛ, «Ortalyq Qazaqstan»

Сан-Себастьян халықаралық кинофестивалі әлемдегі ең беделді кинофорумының бірі саналады. Фестиваль 70 жылдан астам уақыттан бері жаңа есімдерді танытып, үздік туындыларды әлемдік аудиторияға ұсынып келеді. Ол халықаралық деңгейдегі ең мәртебелі «А» санатындағы кинофестивальдің қатарында. New Directors бағдарламасы – фестивальдің ең маңызды секциясының бірі. Мұнда алғашқы немесе екінші толықметражды фильмін ұсынған жас режиссерлерді қолдап, жаңа шығармашылық есімдерді халықаралық деңгейде танытуды мақсат тұтады. Дәл осы бағдарлама кезінде кейін әлемге әйгілі болған, «Оскар» сыйлығының лау-

реаты оңтүстік корейлық режиссер Пон Джун Хоның шығармашылығы алғаш рет халықаралық көрерменге жол тартқан. «Mūǵalıt» фильмі де осы беделді алаңда Қазақстан атынан бақ сынамақ. Картинаның оқиғасы Балқаш қаласында тұратын музыка пәнінің мұғалімі жайында. Бас кейіпкер үлкен қалаға қоныс аударуды армандайды. Арманы орындалатын сәт туған кезде ол өміріндегі ең маңызды таңдаудың алдында тұрады. Фильм адамның өз кәсібіне, өнерге деген адалдығы мен жеке арманының арасындағы ішкі тартысты қозғап, «Өнер адам үшін бе, әлде адам өнер үшін бе?» деген мәңгілік сауалға жауап іздейді. Фильм – режиссер Аяна Нұрдинованың толықметражды кинодағы алғашқы жұмысы. Сонымен қатар, «Mūǵalıt» Сан-Себастьян кинофе-

стивалінің тарихында әйел режиссер түсірген алғашқы қазақстандық фильм ретінде де тарихқа енді. Картинаның продюсері – Аружан Досымқожа, қоюшы-операторы – Айгүл Нұрболатова. Басты рөлдерді Олжас Дәлелхан, Рүстем Жаныаманов, Шынар Жәнісбекова, Гүлнар Дүсематова, Ольга Ландина, Бақытжан Әллейіс, Мәдина Есман, Анна Старченко және Акиф Петров сомдаған. Фильм Мәдениет және ақпарат министрлігінің тапсырысы бойынша Ұлттық киноны қолдау мемлекеттік орталығының қолдауымен түсірілген. Айта кетейік, Сан-Себастьян кинофестивалі әлемдік кинематография тарихында ерекше орын алады. Мұнда Альфред Хичкоктың «Солтүстік-батыс арқылы солтүстікке» («North by Northwest») фильмінің әлемдік премьерасы, ал, Джордж Лукастың «Жұлдызды соғыстарының» еуропалық тұсаукесері өткен. Сондай-ақ, фестиваль Роман Полански, Фрэнсис Форд Коппола, Педро Альмодовар сынды әйгілі режиссерлердің халықаралық деңгейде танылуына зор ықпал еткен. Қазақстандық фильмің осындай беделді халықаралық алаңға жолдама алуы – отандық кино өндірісінің жаңа белесі. Бұл жетістік қазақ киносының әлемдік мәдени кеңістіктегі орнын айқындап қана қоймай, қазақстандық жас режиссерлердің шығармашылығына деген халықаралық қызығушылықтың артып келе жатқанын көрсетеді. Сурет Ұлттық киноны қолдау мемлекеттік орталығынан

• ФУТБОЛ

«Шахтер» есе қайтарды

Қарағандылық «Шахтер» футбол клубы Бірінші лиганың 17-туры аясында өз алаңында ақтаулық «Каспийдің» жастар құрамасын қабылдап, 1:0 есебімен жеңіске жетті. Жерлестер турнир кестесіндегі басты қарсыласы алматылық «Қайраттың» жастар командасынан төрт ұпайға ұзап, көшбасшылық орнын нығайтты. Ойыннан кейін облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев командамен кездесіп, футболшылармен жаттықтырушылар құрамын жеңіспен құттықтады.

Ербөл ЕРБОЛАТ, «Ortalyq Qazaqstan»

Еске сала кетейік, бірінші айналымдағы сырт алаңда өткен кездесуде жерлестер ұпай жоғалтқан. Осы жолы қателікке бой алдырмай, жеңіске қол жеткізді. Жерлестер бір гол айырмашылығымен жеңіп, турнир кестесіндегі өз орнын сақтап қалды. – Маңызды ойында ұпай жоғалтпай, жеңіс сыйладыңыздар. Басты қарсыластарымыздан төрт ұпай айырмашылығымен бірінші орынға шықтық. Енді қарқыннан таймай, соңына дейін осы беттен танбай, Премьер-Лигаға жолдама алу қажет. Баршаңызға сәттілік тілеймін, – деді аймақ басшысы. Тартысқа толы кездесудің



алғашқы бөлігінде есеп ашылған жоқ. Екі команда да шабуылды үдетіп, бірнеше рет қауіп төндіргенімен, қақпадан саңылау таппады. Екінші таймда ойын одан әрі үдей түсті. Алаң иелері үшін бұл кездесуде ұпай жоғалтуға болмайтындықтан, жерлестер соңына дейін шабуылдауды тоқтатпады. Нәтижесінде, Андрей Ульшин 84-ші минутта есеп ашты. Кезекті шабуыл барысында қарсылас қорғанысын қыспаққа алған қарағандылықтар қақпа маңында қауіпті сәт ұйымдастырған. Қақпашы алғашқы соққыны қайтарғанымен, кері ұшқан допқа

бірінші болып Андрей жетеді. Осы сәтте жартылай қорғаушы алыстан дәл соққы жасап, қарсылас қақпасының торын тулатты. Осылайша, Андрейдің голы командасына жеңіс сыйлады. Қазіргі уақытта «Шахтердің» еншісінде – 46 ұпай. Одан кейінгі сатыда 42 ұпаймен алматылық «Қайрат» жастары тұр. Ал, үздік үштікті 34 ұпаймен «Тұран» клубы түйіндеген. Енді жерлестер тамыздың 13-і сырт алаңда «Ақтобе» жастарымен кездеседі. Сурет клубтың әлеуметтік желідегі парақшасынан

ORTALYQ QAZAQSTAN Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газеті Құрылтайшысы: облыс әкімдігі МЕНШІК ИЕСІ: «Saryarqa Aqparat» ЖШС Директор Қайрат Жүнісұлы ӘБІЛДА Директордың орынбасары Станислав Альбертович ПЕСНЕВ Директордың орынбасары Ғалия Боранқұлқызы БАСТЕНОВА Бас редактор Е.К. МҰСАБЕК Бас редактордың орынбасары Қ.А. АЙТЖАН Сайт редакторы А.Ә. СОВЕТ Жауапты хатшы С.Б. ПИЯШ	Телефондар: Бас редактор: 43-38-53 Бас редактордың орынбасары: 43-58-08 Интернет-редакция редакторы: 43-38-33 Жауапты хатшы: 43-49-72 Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55; Меншікті тілшілер: Ақтоғай, Шет, Балқаш, Приозерск: 8-702-293-13-70 Қарқаралы, Нұра, Осакаров: 8-702-216-73-50 Теміртау, Саран, Шахтинск, Абай, Бұқар жырау: 8-775-189-33-19	- Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. - Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді. - Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды. - Материалдың жариялану ақысы төленген Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылғы 15 желтоқсанда № KZ18VPY00030163 куәлігі берілді. Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады. Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды қ., Әлімхан Ермеков көшесі, №33 Ұй. Электрондық пошта: ortalyk.kz@gmail.com; ortalyk.kaz@mail.ru Жарнама бөлімі: ortalyk.reklama@mail.ru	«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ Есеп-шот: kz50826MOKZTD2003131, БИК KСJBCZKX БИН 000840001412 Тарапымы 3 264 №85 тапсырыс. Индекс 65484 Офсеттік басылым. Көлемі 4 баспа табақ. Бағасы келісім бойынша «Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды. Қарағанды қ., Сәтбаев к., 15. Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген. Кезекші редактор Мағжан ҚҰДАЙБЕРГЕН
--	---	---	---